



Газет 1932 жылдан
бастап шығады

Atameken



ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



№ 25 (6068)

26 маусым,
сенбі, 2021 жыл

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_gazeti



atameken1932@bk.ru

• 28 маусым – Бұқаралық

ақпарат құралдары және ақпарат
қызметкерлері күні

Құрметті байланыс және баспасөз
саласының қызметкерлері!

Қымбатты ардагер журналистер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз

– Бұқаралық ақпарат құралдары
қызметкерлері күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

БАСПАСӨЗ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ

Ауданның тыныс-тіршілігін,
әлеуметтік-экономикалық даму барысын
апта сайын қалыс қалдырмай көпшілікке
жеткізетін «Atameken» газетінің орыны
ерекше.

Ауданның айнасы іспетті «Atame-
ken» газеті сонау 1932 жылдан бастап
Аудан жаңалығының жаршысы болып,
үздіксіз ақпарат таратып келеді. Келер
жылы аудандық газеттің 90 жылдық
мерейтойы.

Жамбыл ауданы туралы ақпарат
бетінде үнемі хабар тарататын облыстық
«Жетісу» газеті және «Жетісу»
телеарнасының журналистерін де кәсіби
мерекелерімен құттықтаймын.

Ауданымыздың тілшілер қауымы
қоғамдағы маңызды жауапкершілікті
абыроймен атқаруда. Сіздер арқылы
аудан халқы тың жаңалықтар мен
қажетті ақпаратын алып отыр. Еліміздің
татулығы мен тұрақтылығының
өрістеп-өрлеуінің қарқынын паш ететін
журналистер қашанда құрметке лайық.

Бүгінде еліміздің бұқаралық
ақпарат құралдары азаматтық қоғамның
құрамдас бөлшегі ретінде билік
пен бұқараның арасындағы дәнекер
ғана емес, ауданымыздың толағай
табыстары мен зор жетістіктерінің
жаршысы болып келеді. Техниканың
озық үлгілерінің дамыған заманында
интернет байланысы, баспасөз
басылымдары халықты қажетті
ақпаратпен толық қамтамасыз етіп отыр.
Қазақстан Республикасының Тұңғыш
Президенті-Елбасы Н.Назарбаев қазіргі
қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары
ықпал студия мықты тетігі болып
табылатындығын талай мәрте ерекше
атап көрсеткен еді. Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ-тың
қоғамдағы маңыздылығы туралы баса
айтқаны баршамазға белгілі.

Баспасөз саласы – еліміздің
руханиятын, мәдениетін көтеріп,
тыныс-тіршілігін көрсетіп, жағымды
жаңалықтармен сүйіншілейтін бірден-
бір айнамыз.

Осы салада талмай еңбек етіп жүрген
қызметкерлер – ақпараттық кеңістік пен
қоғамдық пікірді қалыптастырып, адами
күнделікті бұқараға жеткізуде
қажырлы еңбек етіп келеді. Қоғамдық
ахуалдың алғы шебінде жүретін
журналистер қауымы әркез құрметке
лайық.

Құрметті байланыс және ақпарат
қызметкерлері!

Сіздерді тағыда төл мерекелеріңізбен
құттықтай отырып, дендеріңізге саулық,
отбасыларыңызға амандық тілеймін!
Халыққа жасаған қызметтеріңіз абырой
әкелсін! Баршаңызға шығармашылық
табыс тілеймін!

Нұрлан ЕРТАС,
Жамбыл ауданының әкімі.



СӘЛЕМ, ЕЛОРДА!

22-24 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт
министрлігінің қолдауымен Алматы облысы мен Алматы қаласының
аумағында «Сәлем, Елорда!» II республикалық өнер фестивалі өтті.



Фестивальдың салтанатты ашылуы
Алматыдағы Жамбыл атындағы Қазақ
мемлекеттік филармониясында бастау
алып, Жамбыл ауданында жалғасты.

Еліміздің әр өңірінен жиналған
филармония басшылары Жамбыл
Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейіне

келіп, Жамбыл мен Н.Тілендиевтің рухына
құран бағыштап, Жамбыл Жабаевтың
мұражайына зиярат етті.

Аудан әкімі Нұрлан Ертас алыстан
келген қонақтарды қарсы алып, мәдениет
үйінде орналасқан ұлттық салт-дәстүр,
көлерне бұйымдары, фотосуреттер

көрмесін бірге тамашалады. Мәдениет
үйінің мәжіліс залында өңірдің өнерімен
мәдени дамуына арналған баспасөз
мәслихаты өтті. Баспасөз мәслихатын
Алматы облыстық мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасы басшысының
орынбасары Әлия Әлімжанқызы жүргізді.
Жиын соңындағы думанды концерттің
ашылуында аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы
сөз сөйлеп, барша келген қонақтарды
мәдени шараның ашылуымен құттықтады.

Жобаны «Қазақконцерт»
мемлекеттік концерт ұйымы жанындағы
«Республикалық концерттік-гастрольдік
қызмет орталығы» ұйымдастырған.

Еліміздің барлық өңірінің үздік
орындаушыларын жұмылдыратын «Сәлем,
Елорда!» республикалық өнер фестивалі
былтыр Нұр-Сұлтан қаласында бастау
алған еді.

Облыстар мен республикалық маңызы
бар қалалардың өнері мен мәдениеті
күндері үлгісіндегі ұйымдастырылған
бұл фестиваль өңірлердің өнері мен
мәдени жетістіктерін кеңінен насихаттап,
озық үлгідегі орындаушыларды
дәріптеу. Сонымен қатар, «Рухани
жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық
құндылықтарымызды ұлықтап, ел
Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жамбыл
Жабаевтың 175 жылдығы мерейтойларын
кеңінен қамту басты назарда болмақ.

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Марапат. Мерей. Абырой.

23 маусым
күні аудан әкімі
Нұрлан Ертасұлы
Қазақстан
Республикасының
Полициясы күні
мерекесіне орай
ұйымдастырылған
салтанатты
шараға арнайы
қатысып,
аудандық полиция
қызметкерлерін
кәсіби
мерекелерімен
құттықтады.



Салтанатты шараға аудандық полиция
қызметкерлері, ішкі істер органдарының
ардагерлері қатысты.

Мерекелік жиын халық тыныштығын
сақтау жолында қаза тапқан қаһарман
қызметкерлерді еске алып, бір минуттық
үнсіздік жариялаумен басталды.

Аудан әкімі атаулы мерекеге орай
құттықтау сөз сөйлеп, оларды Қазақстан
Республикасының Ішкі Істер министрлігі
және облыстық ішкі істер департаменті
атынан «Қазақстан Полициясына – 25 жыл»
мерекелік медалімен, аудан әкімінің Алғыс
хатымен марапаттады. Салтанатты шараға
келген Ішкі істер органдарының құрметті
ардагері, Жамбыл аудандық полиция бөлімі

ардагерлер ұйымының төрайымы Күлсара
Толымбекқызы құттықтау сөз сөйлеп, бірқатар
ардагерлерге «Асыл ардагер» төсбелгісін
тапсырды.

Дәл осы күні аудандық мәдениет үйінде
23 маусым – Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған
салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Нұрлан
Ертасұлы қатысып, Жамбыл ауданының барша
мемлекеттік қызметкерлерін төл мерекесімен
құттықтап, сөз сөйледі. Аудан әкімі өз сөзінде:
«Құрметті мемлекеттік қызметкерлер!

Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын
жүректен құттықтаймын! Жамбыл ауданында
250-ден астам мемлекеттік қызметші түрлі
салада халыққа қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметшінің жұмысы
жоғары білімді, іскерлік тәжірибені ғана
емес, үлкен жауапкершілікті, халықпен
тығыз байланыс орнатуды талап етеді.
Осынау қиындығы мен қызығы қатар
жүретін абыройлы міндетті мінсіз орындау
біздің басты міндетіміз болып саналады.
Халқына қызмет көрсетіп, олардың мұн-
мұқтажын тыңдап, мәселелерін оңтайлы
шешу және көпшіліктің алғысын алудан
артық мәртебе жоқ.

Билікке деген сенім – қазіргі қоғамның
талаптарына сай жұмыс істейтін мемлекеттік
қызметшіден бастау алады. Сондықтан,
мемлекет мүддесіне қызмет атқару абыройлы
әрі жүгі ауыр, жауапкершілігі мол жұмыс.

Қымбатты әріптестер! Баршаңызды
тағы да мерекелеріңізбен шын жүректен
құттықтай отырып, зор денсаулық,
отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге
толағай табыс тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
– деп ақжарма тілегін жеткізді.

Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-
экономикалық дамуына үлес қосып,
қызметінде жоғары нәтижелерге қол
жеткізген қызметкерлерді Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Алматы облысы бойынша
департаментінің Грамотасымен, Жамбыл
ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен және
Алғыс хатымен марапаттады.

Шараның соңы мерекелік концертпен
жалғасты.

БАЙТАЛЫ.



ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

**Аудан тұрғындары
назарына!**

Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау және Реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы, Жамбыл ауданы бойынша 2021 жылы 1-30 маусым аралығында Ұлттық халық санағының I кезеңі өтуде. Алғашқы дайындық I кезеңде регистратор-тіркеушілер Сіздердің үй-жайларыңызға келіп, үй жайларыңызды және тұратын адам санын нақтылайды. Сонымен қатар, регистратор-тіркеушілер тұрғын емес жайлардағы тұратын адам санын да нақтылайды.

Сіздерден алынған ақпарат аса құпия ұсталатынына және тек статистикалық мақсаттарға пайдаланатынына кепілдік береміз. Сіздердің жауаптарыңыз мемлекеттің түйінді мәселелерін шешуге, құнды ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл деректер еліміздің азаматтарының қауіпсіздігін сақтау үшін, аймақтардың әлеуметтік дамуының әр түрлі бағдарламаларын әзірлеу үшін жиынтық күйінде пайдаланылады.

Сіздерден қажет ақпаратты, регистратор-тіркеушілер (ауызша түрде) бірнеше сұраққа толық жауап берудіңізді сұраймыз. Сіздердің есепшілерге бөлген уақыттарыңыз үшін алдын ала алғыс айтамыз!

Сіздерге 1-30 маусым аралығында барған есепшінің аты, тегі жазылған, суреті бар арнайы куәлігі өздерімен бірге болуы міндетті. Статистика басқармасынан регистратор-тіркеушілердің атын-тегін нақты білуге болады.

Сіз, 8(72770)2-17-61 байланыс телефоны арқылы хабарласып, болмаса мемлекет бойынша мобильді және стационарлық номер call-центр 1446 немесе ұялы телефоннан 8 8000 800 878 номеріне өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызды қоюыңызға болады. Сонымен қатар, кеңес алуға Интернет – ресурс sanag.gov.kz.

Ынтымақтастығыңыз үшін алдын ала алғыс айтамыз!

**Жамбыл аудандық
статистика бөлімі.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл Атамекен» ЖШС, БСН 151040023675, жарғылық капиталының азайтылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164А үй, 040600. Тел: 8(72770) 2-44-28.

ТОО «Жамбыл Атамекен», БИН 151040023675, сообщает об уменьшении уставного капитала. Претензии принимаются в течение 1 месяца со дня публикации объявления по адресу: 040600, Алматинская область, Жамбылский район, село Узынағаш, ул. Мақатаева 164А. Тел: 8(72770) 2-44-28.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30
ЖЫЛ

Тәуелсіздік құрдастары

Кеше аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы Жамбыл ауданындағы 1991 жылы дүниеге келген Тәуелсіздік құрдастарымен кездесу өткізді.

Ел тәуелсіздігінің төл құрдастары бүгінде әр саланың білікті маманы, бөлім басшысы, ауыл әкімі, белгілі кәсіпкер болып ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуда.

Нұрлан Ертасұлы жастарды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, олармен еркін әңгімелесті. Жастардың пікірі мен ұсыныстарын тыңдап, кейбір түйткілді мәселелерді талқылады. Соның ішінде аудан жастарының керекті мамандық бойынша білім алуы, тұрақты жұмысқа



орналасуы, мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер мен қолдаулар туралы кеңінен әңгіме өрбіді.

Аудан әкімі өз сөзінде:

«Құрметті жастар!

Ең әуелі баршаңызды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен

құттықтаймын! Өдеріңізге белгілі, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға әрқашан қолдау білдіріп, барлық мүмкіндікті жасауды үнемін алға қояды. Бүгінде

сіздердің араларыңызда ел мақтанышы болатын білікті, алғыр жастардың қатары көбейді. Сіздер жас кәсіпкер, жас мұғалім, жас дәрігер, жас мемлекеттік қызметші және ең жас ауыл әкімі сынды абыройлы міндетті атқарып келесіздер. Бұл – сіздерден кейінгі жас буынға үлгі, өнеге. Тәуелсіз елдің жастары міне осылай болуы керек. Біз сіздермен мақтанамыз. Өздеріңіздің ұсыныстарыңызды кез-келген уақытта айтыңыздар. Мен жастарды әркез мұқият тыңдап, оларға қолдау білдіруге дайынмын», – деді.

Жиын соңында аудан әкімі «Тәуелсіздік құрдастары» жетістіктерімен құттықтап, Алғыс хатын тапсырды.

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Бұғытының байлығы ел игілігіне қызмет етуге тиіс

Қазақтың кең даласының асты да, үсті де байлыққа толы. Сол қойнауларда жатқан қазба байлықтарды зерттеп, зерделеп, ел игілігіне асыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі әрі бірегейі. Кезінде, Кеңестер Одағы заманында жоғарыға жауаңдап, өз жеріміздегі байлықты игеруге рұқсат алу қиын мәселе болғанын сол жылдары іс басында жүрген жандар жақсы біледі.

Енді міне, тәуелсіздігімізді алып, етек-жеңімізді түгендей бастағалы қолымыз өз аузымызға еркін жетіп, өндіріс саласы алға жылжыған жылдармен бірге өркендеп келеміз. Еліміздің жер қойнауы қазба байлыққа тұнып тұрғаны жасырын емес. Бізде Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрін кездестіруге болады. Солардың бірі – элементтердің периодтық жүйесінің VI тобындағы химиялық элемент болып саналатын, аса сирек кездесетін және құндылығы жөнінен де басқалардан көш ілгері вольфрам.

Вольфрам және онымен бірге жанама жүретін тағы да басқа сирек әрі бағалы металдар: алтын, күміс, мырыш пен тағы басқа да құрамдастардың аса бай қоры орналасқан. Бұғыты таулы аймағындағы кеніш туралы қазір түрлі әңгімелер айтылууда. Бұл кен орнының белгілі болғанына быыл сексен жыл толады. Алғаш тау қойнауында аса сирек кездесетін бағалы металдардың бар екені 1941 жылы анықталып, зерттелген. Ол кездегі Кеңестер Одағының жағдайы тарихтан белгілі. Жаңа кен орындарын игеруді айтпағанда, батыста тұтанған соғыс өрті алапатқа айналып, бүкіл ел Отан қорғау ісіне жұмылдырылған еді. Одан кейінгі жылдары соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіру, тағы басқа да қауырт істер кесірінен Бұғытының байлығы көзден таса, көңілден тысқары қалған.

Бұғыты вольфрам кен орны – Іле Алатауының шығыс шетіндегі Үлкен Бұғыты тауында орналасқан. 1941 жылы ашылып, барлау жұмыстары 1942-1974 жыл аралығында үздік-создық жүргізілген. Бұғыты – Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан штокверкелік кен орны. Алғаш кен шоғырлары 1941 жылы Алматы қаласынан солтүстік-шығыстан 205 шақырым, Шелек қаласынан батысқа 75 шақырым аймақта табылған болатын. Осының алдында айтқанымыздай, біраз жылдарға созылған үзілістен соң 1974 жылы 9 желтоқсанда КСРО Түсті металлургия министрілігі мен сол кездегі республикалық түсті металлургия министрілігі және тағы басқа да одақтық деңгейдегі мүдделі органдардың жауапты тұлғаларынан

жасақталған мемлекеттік комиссия осы кен орнына байланысты отырыс өткізіп, нақты қорытынды жариялаған. Сол отырыстың хаттамасында көрсетілгендей, геологиялық барлау нәтижесінде Бұғыты кен орнында сирек кездесетін аса бағалы металдардың бай қоры барлығы, болашағы зор ірі өндірістік нысан бола алатындығы айтылған. Дегенмен, не себеп болғанын қазір ешкім айта алмас. Сол отырыстан кейін кен орнына қатысты мәселе тағы да жылдар бойы қозғаусыз қалып, соңғы жылдары ғана оны ел игілігіне асыру туралы айтыла бастады. Қазақстан КСРО құрамында болған кезде бұл мәселенің терең зерттеле қоймағаны және игерілмегені бір жағынан дұрыс та шығар. Егер сол кезде игерілсе, одан біздің елдің алар үлесі де болмас еді. Барлығы КСРО атты алып империяның ортақ қазанына құйылары сөзсіз болатын.

Жалпы, Кеңестер Одағы кезінде республика аумағында көптеген кен орындары зерттелген. Сол уақыттағы деректер бойынша, еліміздегі вольфрамның жалпы қоры 2 млн. тоннадан асады. Бұғыты кен орны соның ішіндегі ең ірісі екен. Егер қазіргі шақта қолға алынған жоба жүзеге асса, Қазақстан сирек кездесетін аса бағалы металды өндіру бойынша әлемдегі екінші орындағы мемлекетке айналады. Бағалы минерал сырт және ТМД елдеріне экспортталады. Бұл кеніште басты өндірістік минерал шешеліттен (вольфрам рудасы) тыс молибден, висмут, бериллий, алтын, күкірт қолчаданы және күмістің бай қоры барлығы анықталған.

Геологиялық ерекшеліктеріне байланысты Бұғыты кен орны II топқа жатады. Яғни, бұл – химиялық құрамы күрделі ірі шоғырлар мен кендеудің біркелкі бөлінбеуі деген сөз. Міне, осындай күрделі де қажетті қазбаны отандық «Жетісу Вольфрам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі игеруді қолға алды. Аталмыш серіктестік 2014 жылы құрылып, бағалы металл қазба байлықтарын зерттеумен айналысып келеді. Мұндай ауқымды жобаны іске асыру сарапшылардың бағалауы бойынша инвестициялық жобалау көзделгендей шамамен 250 млн. АҚШ долларын талап етеді.

Вольфрам – ашқы сұр түсті, баяу балқитын металл. Вольфрам электр шамының қылы, электр пештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерде, катодтар, тағы да басқа электрлік құралдарда электродтар ретінде қолданылады. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, жоғарыда аталған элементтерді өзіміз өндіріп, қолданысқа енгізсек, бірнеше сектор дамидыны шүбәсіз.

Жобаға тоқталар болсақ, жобаның жүзеге асырылу мерзімі – 2021-2023 жыл. Жалпы

сомасы – шамамен 94,5 млрд.тенге. Қайта өңдеуді қоса алғандағы қуаттылығы – жылына 3,3 млн. тонна кен. Жобаның негізгі мақсаты – өндірілген кеннен металл бұйымдарын концентрат әзірлеп, оны одан ары ішкі және сыртқы нарыққа сатуға шығару.

Қазіргі уақытта жобаның I кезеңі орындалуда. Дайындық жұмыстарына жергілікті тұрғындар қатарынан 30 адам және шет елден шақырылған 2 маман тартылған. Жұмысшылардың айлық жалақысы – 250 мың теңге. Жоба іске асырылғаннан кейін 200-ге жуық жергілікті тұрғындар жұмысқа орналасып, 50 адам зауытқа қажетті мамандық бойынша оқытылады.

Ерекше атап өтетін нәрсе – кен өндіру саласында барлау-геологиялық жұмыстардың сапалы атқарылуының маңызы аса жоғары. Бұл орайда еліміз үлкен жетістіктерімен мақтана алады. Десек те, кадр мен арнайы осы саланың маманы мәселесі қолбайлап тұрғаны жасырын емес. Себебі, сирек кездесетін тау-кен және түрлі металлургиялық өнеркәсіптің әлемдік деңгейде қарыштап дамуына жерасты барлау жұмыстарының жан-жақты зерттелуі және кен байлықтарының мөлшері мен құрамының тап баса анықталуының орны ерекше. Кен өнімдерін өндіруде еліміздің әлемде алдыңғы қатарда болуына, әрине, жоғарыда тілге тиек еткен барлау-геологиялық жұмыстарының дәлдігі мен сапалылығы айрықша әсер етеді.

Кешегі қоғамдық өзгерістер кезінде геологиялық ғылымның да басқа салалар секілді дағдарысқа түсуі орын алғанымен, еліміздің бұл бағыты тоқыраудан тез есін жиғаны мақтанарлық. Жұмыссыздықтан өзге салаға қызмет ауыстырған ғалымдар, талантты ізденушілер қайта өздерінің сүйікті ісіне оралып, ел байлығының қарқынды дамуына өз үлестерін қоса бастады.

Осы жұмыстар арқылы кен құрамын анықтау мен бағалау жолға қойылса, одан кейінгі тиянақты барлау жұмыстары бірнеше сатыда жалғастырылады. Осы атқарылған ізденістер нәтижесінде кеннің технологиялық құрамы зерделеніп, вольфрам қоры мен өзге де табылған пайдалы компоненттері есепке алынады. Яғни, кен-барлау жұмыстарының тиянақтылығы – мол байлық пен пайданың көзі, ел өнеркәсібінің өркендеуінің кілті деген сөз.

**Батыржан БАЙЖҰМАНОВ,
Алматы облысы әкімінің орынбасары.**

23 маусым — Қазақстан полициясының күні

Ел күзетіндегі ерендер

Ішкі істер органдары – мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.

Заң бекітілген күн, яғни 23 маусым жылда Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Ризашылық пен құрметтің нышаны ретінде барша полиция қызметкерлерін кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз



ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарымыздың қатары көбейсе берсін.

Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілеймін. Қазақстан Республикасының

өркендеуі жолында табысты қызмет ете берулеріңізге тілектеспін.

Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз әрқашан жемісті де табысты болғай!

**Асхат ТЕГЕНБАЕВ,
Жамбыл АПБ-ң бастығы,
полиция полковнигі.**

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі - ӘРПК) күшіне енеді. 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қазақстан

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне шолу

халқына Жолдауында әкімшілік сот төрелігін енгізу міндетін қойып, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімділігін күшейтуіне аса назар аударған.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатын көптеген актілері жариялануда және тұрғындар тарапынан оларға шағымдануы ұзақ және қиын процесс болып табылады. Осыған байланысты, ӘРПК сотта азаматтар мен мемлекеттің тең құқығына бағытталған жаңа кодекс болып келеді.

Атап айтқанда, азаматтың қатысуынсыз оған қатысты қолайсыз шешім қабылдау мүмкін болмайды. Азаматтар өзінің қарсылықтарын білдіруге, әкімшілік іс материалдарымен танысуға, үзінділер жасауға, құжаттардың көшірмелерін жасауға құқылы болады.

Басқаша айтқанда, егер оның құқықтары мен мүдделеріне қатысты істер орын алғанда, азамат бюрократиялық процедураларға қатыса алады. Осы кодекстің қабылдануы билік органдарымен дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде азаматтық белсенділікті арттырып, әкімшілік әділеттілік тетіктері азаматтар арасындағы сенімділігін жоғарылатады деген үміттеміз.

**Дархан ЖЫЛАНГӨЗОВ,
Жамбыл ауданының
прокуроры.**

БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

Жуырда белгілі айтыскер Айнуір Тұрсынбаеваның «AIDYN NURY» жеке қайырымдылық қоры Мыңбаев ауылындағы көпбалалы отбасына



баспана сыйлады. Осыған дейін пәтер жалдап күнелткен жас отбасының қуанышында шек жоқ. Көпбалалы ана Шолпан Мамашева:

«Біз пәтерде өмір сүргелі 10 жылға жуықтады. Бүгінгі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Балаларым өз үйінде ержететін болды. 4 баламыз бар. Бұйырса 5-ші нәрестеге аяғым ауыр. Ендігі баламыз өз үйінде дүниеге келетін болады. Бұдан асқан бақыт бар ма? Үйіміз жаңа, 5 бөлмелі, жиһаздарымен екен. Көмір жағып та әуре болмаймыз. Газы, суы бәрі бар. Бізге жанашырлық танытқан қайырымды жандарға мың алғыс. Жақсылықтары Алладан қайтсын» – деп көзіне жас алды.

Мыңбаев ауылындағы белгілі кәсіпкер Жандос Үшкепміров пен «AIDYN NURY» жеке қайырымдылық қорының директоры Мөлдір Ақылбекова жаңа баспананың лентасын қиып, отбасы мүшелерін жаңа қонысымен құттықтады. Сонымен қатар, Жандос Үшкепміров Шолпан Мамашеваның жолдасын жұмысқа орналастыратын болды.

Аталмыш қайырымдылық қоры былтырдан бері кезекті 73-ші баспананың кілтін тапсырып отыр.

Б.АЙТАЛЫ.

• 26 маусым – Нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы халықаралық күрес күні

ЕСІРТКІ – ЕСІ КЕТКЕННІҢ ІСІ

Бүгінгі жаһандану заманының басты дерті – нашакорлық. Біреулер есірткі таратып, байлыққа кенеліп, белшесінен батып жүр, ал қаншама жан бұдан бақытсыздыққа ұшырап, өлім құшуда. Бір өкініштісі, есірткіге еліктейтіндер негізінен менің жасымдағы жастар мен жасөспірімдер. Олар өлімнің не екенін терең ұғынбайтын жаста есірткіге тәуелді болады. Есірткіні теріс пиғылда пайдалану нашакорлыққа алып келеді. Ал, нашакорлық дегеніміз – адамның есірткіге тәуелділігі. Бұл дерт ағзаның тіршілік етуін тежеп,



дене мен жүйке қызметінің әбден титықтауына алып келеді. Күннен күнге психоактивті заттардың зияндығына қарамастан оны қолданатын адамдардың саны артуда.

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет

Мемлекеттік қызмет өз ішіне көптеген әлеуметтік, саяси, экономикалық аспектілерді қамтитын, мәні зор қызметтердің бірі. Мемлекет атынан қоғамның игілігі мен мүддесі үшін қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлерге артылар жауапкершіліктің жүгі де жеңіл емес. Сондықтан болар, елдегі, жалпы әлемдегі мемлекеттік қызметкерлерге айтылатын сын да көп, тағыматын мін де көп. Бұл тұрғыдан алғанда, әлбетте мұндай мамандар өз ісіне адал, жауапкершілігі мол, халық мүддесі үшін қызмет етуге дайын, өзіне жүктелген міндетті жан-тәнімен түсіне алатын жан болуы тиіс. Десе де, мұны идеологиялық тұрғыда жүзеге асырудың мән зор деп есептейміз.

Халық мүддесіне қызмет етеді

Еліміздің көрнекті тұлғасы Әлихан Бөкейханов «Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп деп айтқандай, мемлекеттік қызметкерлердің абыройлы жұмыс істеуі олардың халықпен қарым-қатынас орнатудағы мәдениетіне көп байланысты. Мемлекеттік қызмет, мемлекет пен халық арасындағы қатынасты байланыстырушы көпір екенін ұмытпаған жөн. Еліміздегі мемлекеттік қызметші әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін ұстай білетін білімді мамандар болғаны жөн.

Халық үшін мемлекеттік қызметші қашанда әділдіктің, қарапайымдылықтың имиджі болып келетіні бесенеден белгілі. Мемлекеттік қызметті дамытудың негізгі бағыттарының бірі халық арасында мемлекеттік қызметшінің оң беделін қалыптастыруға атсалысу, нығайту болып табылады деп есептеймін. Өзгерістерге дайын бұл қоғамда мемлекеттік қызметшінің өз қамы үшін емес, мемлекеттің игілігі үшін қызмет етуі оның кәсібиілігіне байланысты болып отыр.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары өзінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуында нақты жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі кәсіби мемлекет құру деп белгіленді. Жоғары кәсіби мемлекеттік қызмет және біздің мемлекеттің алдында тұрған басқарудың тиімді құрылымын құру ісіндегі міндеттерді іске асыру көбінесе мемлекеттік қызметшінің кәсібиілігіне байланысты. Мемлекеттік жүйені дамытудағы басым бағыттардың бірі – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшінің оң беделін қалыптастыру және нығайту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев елді тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметшінің бойында болуы тиіс негізгі қасиеттерді атап көрсетті:

Мемлекеттік қызметші билік пен өз өкілеттіктерін қолдана білуі және адал болуы керек. Мемлекеттік қызметте өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеуі, мемлекет қаржысын өз қалтасымен шатастырмауы керек.

Мемлекеттік қызметші заң талаптарымен толық сәйкестікте өмір сүруі керек. Кез келген орында, кез келген лауазымда қандай жағдай болса да халықтың, өз елі азаматтарының

сенімін жоғалтпай жұмыс істеуі керек.

Қазақстандық мемлекеттік қызметші әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін ұстай білуі керек.

Мемлекеттік қызметші ұжымға басшылық жасамас бұрын, бағына білуді үйренуі, өз қызметкерлерінен талап етіп отырғанын өзі орындай білуі керек.

Егер мемлекет мүддесіне нұқсан келіп жатқанын немесе сыйбайлас жемқорлық әрекеттерін көрсе, дереу араласып, шаралар қолдануы керек.

Міне, бұл аталған қасиеттердің тұпай мағынасы – жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, оны тәжірибеде қолдана білу, әділдік, адалдық, белсенді өмірлік позиция. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын сезінуі және өз елінің ұлтжанды азаматы болуы керек.

Мемлекеттік қызмет үшін беделдің функционалдық және мәртебелік маңызы бар. Ол халықтың және мемлекетпен жүргізілетін басқарушылық қызметінің тиімділігін бағалау критерийлерінің сенімділік деңгейінің көрсеткіштері болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің оң имиджіне ұсынылатын негізгі қағидалар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Арнамыс Кодексінде белгіленген. Онда: «Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды», – делінген.

Мемлекеттік қызметшінің имиджін қалыптастыру идеологиялық, саяси және мәдени аспектілерді көздейді. Мемлекеттік қызметкердің оң имиджін қалыптастыру – қиын және ұзақ үрдіс. Мемлекеттік қызметкердің жұмысы мен өзін-өзі ұстауы баршаға анық. Оның беделі – мемлекет беделінің бір бөлігі. Мемлекеттік қызметкерлердің және жалпы биліктегі мемлекеттік органдардың барлық басшыларының жұмысына қарап халық билікке, оның қарапайым халыққа деген көзқарасына баға береді.

**А.ЖУРЫНОВА,
«Жетісу – адалдық алаңы»
жанынан құрылған ақпараттық,
үгіт-насихат штабының мүшесі.**

Үшіншіден, мұндай жағдай қоғамның экономикалық және саяси ахуалына өз әсерін тигізеді. Білімді маман әлеуеті төмендейді, тұрақтылық бұзылады. Сондай-ақ, есірткі тек оны қолданатын адамға ғана зиянын тигізіп қоймайды, оның жақындарына, туыстарына және жалпы қоғамға көп қиындықтар туғызады.

Соңғы жылдары елімізде есірткінің заңсыз айналымы үйткілді мәселе болып тұр. Есірткі заттарының аса қымбат еместігі, оларға іс жүзінде еш кедергісіз қол жеткізудің мүмкіндігі нашакорлар қатарының кемімей, керісінше үнемі артып отыруына жол ашуда. Сондықтан әсіресе жастар осы туралы көп ойланса дұрыс болар еді.

Әйгерім ӘБУ.



Жамбыл аудандық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 25 маусымдағы «Жамбыл ауданының ауылдық округтері әкімдері сайлауын өткізу мақсатында сайлау округтерін құру туралы» №2 Қаулысы

Жамбыл ауданының ауылдық округтері әкімдері сайлауын өткізу мақсатында сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабының, 6 тармақшасына, 21 бабының 4 тармақшасына, 22 бабына сәйкес Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданының ауылдық округтері әкімдері сайлауын өткізу мақсатында

1) Үлгілі ауылдық округінде – Үлгілі ауылдық округі аумағының шекарасында Үлгілі сайлау округі
2) Шиен ауылдық округінде – Шиен ауылдық округі аумағының шекарасында Шиен сайлау округі құрылсын.

2. Шекарасы көрсетілген сайлау округтерінің тізімі және аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және «Атамекен» аудандық газетінде жариялансын.

Е.ТӨЛЕБЕКОВ,

аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

С.МӘНКЕЕВА,

аудандық сайлау комиссиясының хатшысы.

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 25 маусымдағы «Жамбыл ауданының ауылдық округтері әкімдері сайлауын тағайындау туралы» №3 Қаулысы

Жамбыл ауданының ауылдық округтері әкімдері сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылғы 25 шілдеге Жамбыл ауданында

– Үлгілі ауылдық округі әкімі
– Шиен ауылдық округі әкімі сайлауы тағайындалсын.
2. 2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Жамбыл ауданының ауылдық округтері сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Жамбыл аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және «Атамекен» аудандық газетінде жариялансын.

Е.ТӨЛЕБЕКОВ,

аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

С.МӘНКЕЕВА,

аудандық сайлау комиссиясының хатшысы.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 25 маусымдағы №3 қаулысына қосымша

2021 жылғы 25 маусымға тағайындалған Жамбыл ауданының Үлгілі, Шиен ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Ауылдық округтері әкімдерінің (бұдан әрі – әкімдерді) сайлауын тағайындау

Аудандық сайлау комиссиясы 25 маусым 2021 ж. (14-б. 8-1) т., 113-1-б.2,3-т)

2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей **2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей** (22-б.)

3. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей **2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей** (13-б. 4-т.)

4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей **2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей** (17-б. 2-т.)

5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудан әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей **2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей** (23-б. 5-т.)

6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну

Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.

2021 жылғы 26 маусымда басталады және **2021 жылғы 9 шілдеде сағат 18:00 аяқталады** (113-3-б.1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау

Аудандық сайлау комиссиясы Тиісті құжаттар ұсынылған сәттен бастап (4 б., пп.2) п. 11 ст.113-5)

8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру

Аудандық сайлау комиссиясы Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14 б. 8-1 т., 31 б.)

9. Әкімдікке кандидаттарға қолдап қол жинау үшін қол қою парактарын беру

2021 жылғы 14 шілдеде сағат 18:00 кейін басталады және 2021 жылғы 24 шілдеде сағат 00:00 аяқталады (27-б. 2-т.)

18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Жергілікті атқарушы органдар және аудандық сайлау комиссиясы **Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде** (28-б. 4-т.)

19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну

Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын **2021 жылғы 5 шілдеге дейін** (24-б. 5-т)

20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда **2021 жылғы 10 шілдеден бастап** (26-б. 1-т.)

21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты мен орны туралы хабардар ету

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беруге дейін он күннен кешіктірмей **2021 жылғы 15 шілдеге дейін** (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)

22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу

Аудандық сайлау комиссиясы Ерте дегенде сайлаудан үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын **Ерте дегенде 2021 жылғы 22 шілдесінен бұрын және кемінде 2021 жылғы 24 шілдесінен кешіктірмей** (37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда **2021 жылғы 25 шілде сағат 06:00-де** (40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу

Учаскелік сайлау комиссиялары **Сайлау күні сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін** (38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде тиісті әкімдер сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау

Учаскелік сайлау комиссиялары **сағат 20:00-де басталады** (18-б. 8) т., 43-б.)

26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу

Учаскелік сайлау комиссиялары **Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу** (43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну

Учаскелік сайлау комиссиялары **Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу** (113-8-б. 1-т.)

28. Әкімдерді сайлау қорытындыларын анықтау

Аудандық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімінен кешіктірмей **2021 жылғы 28 шілдесінен кешіктірмей** (113-10-б.)

29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

Аудандық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін төрт күн мерзімінен кешіктірмей

2021 жылғы 29 шілдесінен кешіктірмей (44-б.)

30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру

Аудандық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде

Сайланған әкімдерден **жеті күн мерзім ішінде** Конституцияға және сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді өздерінен қосу туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін

2021 жылғы 31 шілдесінен кешіктірмей (45-б. 2-т., 46-б., 113-11-б.)

Ескертпе: *Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.*

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы сайлау тағайындалған ауылдық округтерінің тізімін жариялайды

№	Ауылдық округінің атауы	Ауылдық округінің шекарасы	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері
1.	Шиен ауылдық округі	Шиен ауылы, Қоғамшыл ауылы	Ұзынағаш ауылы Абай көшесі 56
2.	Үлгілі ауылдық округі	Үлгілі ауылы, Саз станциясы, Қаншенгел ауылы	Ұзынағаш ауылы Абай көшесі 56

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 56, аудандық әкімшілігінің ғимараты, тел. 87277020389. Комиссия төрағасы – Төлебеков Елдес Садуақасұлы Комиссия төрағасының орынбасары – Қарымбаев Жақсылық Султанұлы Комиссия хатшысы – Мәнкеева Сәулеш Сейілханқызы Комиссия мүшелері – Жолтаева Света Мұқанқызы, Керімбаева Айнұр Бекетқызы, Ыбырайжанова Бибінояр Еремекбайқызы, Мұсаева Камшат Ерғазықызы.

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының құрамын жариялайды

Шиен сайлау округі

№310 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Шиен ауылы, Әбдіқайым көшесі 2 а, "Алматы облысы, Жамбыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шиен ауылындағы орта мектеп Қоғамшыл бастауыш мектебі және мектеп жанындағы интернатымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Комиссия төрағасы – Көпжасаров Естай Самұдинұлы Комиссия төрағасының орынбасары – Бейсебаев Ердос Қырғызбайұлы Комиссия хатшысы – Сатқанбаева Жазира Әлімханқызы Комиссия мүшелері – Нұкеебаева Әсел Саяқханқызы, Ауалиева Райкүл Көбегенқызы, Жатқанбаев Мақсат Мәлікұлы, Маниева Зауре Турысбекқызы.

Үлгілі сайлау округі

№317 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Үлгілі ауылы, "Алматы облысы Жамбыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үлгілі ауылындағы орта мектеп Ақдала бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Комиссия төрағасы – Иманов Ахмет Серікбайұлы Комиссия төрағасының орынбасары – Ташметова Айжан Ғалымжанқызы Комиссия хатшысы – Еспаев Асқар Төлегенұлы Комиссия мүшелері – Манжибаева Айгүл Аралтайқызы, Еспенбетов Алтай Мұратұлы.

Жамбыл ауданының әкімі сайлау учаскелерінің шекараларын жариялайды

Шиен сайлау округі

1. № 310 сайлау учаскесі.

Орталығы: Шиен ауылы, Әбдіқайым көшесі 2 а, "Алматы облысы, Жамбыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шиен ауылындағы орта мектеп Қоғамшыл бастауыш мектебі және мектеп жанындағы интернатымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Шиен, Қоғамшыл ауылдары.

Үлгілі сайлау округі

2. № 317 сайлау учаскесі.

Орталығы: Үлгілі ауылы, "Алматы облысы, Жамбыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Үлгілі ауылындағы орта мектеп Ақдала бастауыш мектебімен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Үлгілі ауылы; Саз станциясы, Қаншенгел ауылы.

Постановление Жамбылской районной избирательной комиссии «Об образовании избирательных округов по выборам акимов сельских округов Жамбылского района» 25 июня 2021 года № 2**Об образовании избирательных округов по выборам акимов сельских округов Жамбылского района**

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательные округа по выборам акимов сельских округов Жамбылского района:
 - 1) акима Ульгулинского сельского округа – Ульгулинский избирательный округ в границах Ульгулинского сельского округа;
 - 2) акима Шиенского сельского округа – Шиенский избирательный округ в границах Шиенского сельского округа.
2. Опубликовать список избирательных округов с указанием их границ и места нахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-странице Жамбылской районной избирательной комиссии и в районной газете «Атамекен».

Е.ТУЛИБЕКОВ,
председатель районной избирательной комиссии.
С.МАНКЕЕВА,
секретарь районной избирательной комиссии.

Постановление Жамбылской районной избирательной комиссии «О назначении выборов акимов сельских округов Жамбылского района» 25 июня 2021 года № 3**О назначении выборов акимов сельских округов Жамбылского района**

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 25 июля 2021 года в Жамбылском районе выборы:
 - акима Ульгулинского сельского округа;
 - акима Шиенского сельского округа.
2. Утвердить календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов сельских округов Жамбылского района, назначенных на 25 июля 2021 года, согласно приложению к настоящему постановлению.
3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Жамбылской районной избирательной комиссии и в районной газете «Атамекен».

Е.ТУЛИБЕКОВ,
председатель районной избирательной комиссии.
С.МАНКЕЕВА,
секретарь районной избирательной комиссии.

Приложение к постановлению Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии от 25 июня 2021 года № 3**Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Шиенского и Ульгулинского сельских округов Жамбылского района Алматинской области, назначенных на 25 июля 2021 года**

1. Назначение выборов акимов сельских округов (далее – акимов)

Районная территориальная избирательная комиссия – 25 июня 2021 года (пп.8-1 ст. 14, п.2,3 ст.113-1)
2. Опубликование в средствах массовой информации списка избирательных округов с указанием их границ и места нахождения районной территориальной избирательной комиссии.

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем через десять дней после назначения выборов, **не позднее 5 июля 2021 года** (ст. 22)
3. Опубликование в средствах массовой информации состава районной территориальной избирательной комиссии.

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем через десять дней после назначения выборов, **не позднее 5 июля 2021 года** (п. 4 ст. 13)
4. Опубликование в средствах массовой информации состава участковых избирательных комиссий.

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов, **не позднее 10 июля 2021 года** (п. 2 ст. 17)
5. Опубликование в средствах массовой информации сведений о границах избирательных участков

Районная территориальная избирательная комиссия
В пятнадцатидневный после назначения выборов, **не позднее 10 июля 2021 года** (п. 5 ст. 23)
6. Выдвижение кандидатов в акимы

Политические партии, зарегистрированные в установленном порядке и граждане в порядке самовыдвижения.
Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пятнадцать дней до дня проведения выборов, если иное не установлено при назначении выборов. **Начинается 26 июня 2021 года и заканчивается 9 июля 2021 года** (п.1 ст. 113-3)
7. Установление соответствия кандидатов в акимы требованиям, предъявляемым к ним Конституцией Республики Казахстан, Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах), статьи 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы

Районная территориальная избирательная комиссия с момента получения необходимых документов (ст. 4, пп.2) п. 11 ст.113-5)
8. Регистрация доверенных лиц кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.

Районная территориальная избирательная комиссия
Со дня установления соответствия кандидата в акимы требованиям, предусмотренным Конституционным законом о выборах (пп. 8-1) ст.14, ст. 31)
9. Выдача кандидатам в акимы подписных листов для сбора подписей в поддержку.

Районная территориальная избирательная комиссия
В трехдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям, предусмотренным Конституцией Республики Казахстан и Конституционным законом, статьей
- 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов. (п. 9 ст. 113-5)
16. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов и их оснащение

Местные исполнительные органы и районная территориальная избирательная комиссия
До начала агитации (п. 6 ст. 28)
17. Проведение предвыборной агитации

Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов дня предшествующего дню выборов
Начинается после 18:00 часов 14 июля 2021 года и заканчивается в 00:00 часов по 24 июля 2021 года (п. 2 ст. 27)
18. Предоставление кандидатам в акимы помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями в выделенных помещениях

Местные исполнительные органы и районная территориальная избирательная комиссия
В период проведения предвыборной агитации (п. 4 ст. 28)
10. Проверка достоверности собранных подписей в поддержку кандидатов в акимы и оформление соответствующего протокола.

Районная территориальная избирательная комиссия с привлечением работников паспортных служб.
В трехдневный срок после сдачи подписных листов в районную избирательную комиссию. (п. 7 ст. 113-4)
11. Внесение на счет местных исполнительных органов избирательного взноса в размере однократной минимальной заработной платы, устанавливаемой законом о республиканском бюджете и действующем на 1 января 2021 года.

Кандидаты в акимы, политические партии (за каждого выдвинутого кандидата)
До регистрации кандидата (п. 2 ст. 113-5)
12. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствах на первое число месяца начала срока выдвижения (на 1 июня 2021 года)

Кандидат и его (ее) супруга (супруг).
До регистрации кандидата, по состоянию на 1 июня 2021 года. (п. 3 ст. 113-5)
13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом).

Органы государственных доходов.
В течение пяти дней со дня регистрации кандидата. (п. 4 ст. 113-5)
14. Регистрация кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.

Районная территориальная избирательная комиссия
Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается в 18.00 часов за десять дней до дня выборов
Начинается 26 июня 2021 года заканчивается в 18.00 часов 14 июля 2021 года. (пп. 8-1) ст. 14, ст. 113-5)
15. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в акимы

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов. (п. 9 ст. 113-5)

19. Представление по акту в избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку

Аким района
За двадцать дней до начала голосования
до 5 июля 2021 года (п. 5 ст. 24)

20. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей по избирательным участкам

Участковые избирательные комиссии
За пятнадцать дней до дня голосования
с 10 июля 2021 года (п. 1 ст. 26)

21. Оповещение избирателей о дне, времени и месте голосования

Участковые избирательные комиссии
Не позднее чем за десять дней до дня проведения голосования
до 15 июля 2021 года (пп. 5) ст. 18, п. 2 ст. 38)

22. Доставка избирательных бюллетеней для голосования участковым избирательным комиссиям

Районная территориальная избирательная комиссия
Не ранее чем за три дня и позднее чем за один день до выборов
Не ранее 22 июля и не позднее 24 июля 2021 года (п. 3 ст. 37)

23. Открытие избирательных участков для голосования и составление соответствующего протокола

Участковые избирательные комиссии
За один час до начала голосования
25 июля 2021 года в 06.00 часов (п. 1 ст. 40)

24. Проведение голосования

Участковые избирательные комиссии
25 июля 2021 года с 07.00 до 20.00 часов (п. 1 ст. 38)

25. Подсчет голосов и составление протоколов о результатах голосования по выборам акима на избирательном участке

Участковые избирательные комиссии
Начинается в **20.00 часов** (пп. 8) ст. 18, ст. 43)

26. Вывешивание копии протокола о результатах голосования в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления

Участковые избирательные комиссии
После подписания протоколов – **немедленно** (п. 8 ст. 43)

27. Представление протоколов о результатах голосования на избирательных участках в соответствующие районные (городские) избирательные комиссии

Участковые избирательные комиссии
После подписания протокола – **немедленно** (п. 1 ст. 113-8)

28. Установление итогов выборов акима

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее чем в **трехдневный срок** после проведения выборов
Не позднее 28 июля 2021 года (ст. 113-10)

29. Опубликование в средствах массовой информации сообщения об итогах выборов акимов

Районная территориальная избирательная комиссия
Не позднее четырех дней со дня проведения выборов
Не позднее 28 июля 2021 года (ст. 44)

30. Регистрация избранных акимов, выдача соответствующих удостоверений

Районная территориальная избирательная комиссия
в семидневный срок со дня проведения выборов
После получения от избранных акимов в семидневный срок письменного заявления о сложении с себя обязанностей, не совместимых в соответствии с Конституцией и Конституционным законом о выборах со статусом акима.
Не позднее 31 июля 2021 года (ст. 45, п. 2 ст. 46, ст. 113-11)

Примечание: В тексте Календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

Жамбылская районная избирательная комиссия публикует список сельских округов Жамбылского района, где назначены выборы акимов

№	Наименование сельского округа	Границы сельского округа	Место нахождения территориальной избирательной комиссии
1.	Шиенский сельский округ	с.Шиен, с.Когамшыл	с.Узынагаш ул. Абая 56
2.	Ульгулинский сельский округ	с.Ульгули, с.Каншенгель, ст.Саз	с.Узынагаш ул. Абая 56

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия

Центр: село Узынагаш, улица Абая 56, районный акимат, каб № 16 тел. 8277020389

Председатель комиссии - Тулибеков Елдес Садуакасович
Заместитель председателя комиссии – Карымбаев Жаксылык Султанович
Секретарь комиссии - Манкеева Саулеш Сеилхановна
Члены комиссии – Керимбаева Айнура Бекетовна, Ибрайжанова Бибинур Ермакбаевна, Жолтаева Света Мукановна, Мусаева Камчат Ергазиевна.

Жамбылская районная избирательная комиссия публикует состав участковых избирательных комиссий**Шиенский избирательный округ**

Участковая избирательная комиссия № 310
Центр: село Шиен, улица Абдикайыма 2а, коммунальное государственное учреждение "Средняя школа села Шиен с Когамшыльской начальной школой и пришкольным интернатом" государственного учреждения "Отдела образования Жамбылского района Алматинской области". тел.87277043015.
Председатель комиссии – Копжасаров Естай Самудинович
Заместитель председателя комиссии – Бейсебаев Ердос Кыргызбайұлы
Секретарь комиссии – Сатканбаева Жайра Алимхановна,
Члены комиссии –Нукеебаева Асель Саякхановна, Ауалиева Райгуль Кобегеновна, Жатканбаев Максат Маликович, Маниева Зауре Турсыбековна.

Ульгулинский избирательный округ

Участковая избирательная комиссия № 317
Центр: село Ульгули, улица Жамбыла 5а, коммунальное государственное учреждение "Средняя школа села Ульгули с начальной школой Акдала" государственного учреждения "Отдела образования Жамбылского района Алматинской области".тел. 87277056631
Председатель комиссии – Иманов Ахмет Серикбаевич
Заместитель председателя комиссии – Ташметова Айжан Ғалымжанқызы
Секретарь комиссии – Еспаев Аскар Толгенович
Члены комиссии –Манжибаева Айгуль Аралтаевна, Еспенбетов Алтай Муратович.

Аким Жамбылского района публикует границы избирательных участков**Шиенский избирательный округ**

1. Избирательный участок № 310.
Центр: село Шиен, улица Абдикайыма 2а, коммунальное государственное учреждение "Средняя школа села Шиен с Когамшыльской начальной школой и пришкольным интернатом" государственного учреждения "Отдела образования Жамбылского района Алматинской области".
В границах: с. Шиен, с. Когамшыл.

Ульгулинский избирательный округ

2. Избирательный участок № 317.
Центр: село Ульгули, улица Жамбыла 5а, коммунальное государственное учреждение "Средняя школа села Ульгули с начальной школой Акдала" государственного учреждения "Отдела образования Жамбылского района Алматинской области".
В границах: с. Ульгули; ст. Саз, с.Каншенгель

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ауылдық округтері әкіміне кандидаттардың үгіт материалдарын жариялау БАҒАЛАРЫ
Үгіт материалдарын «Атамекен» газетіне орналастыру үшін баспа алаңның құны:
– журналистік басылмалары бар беттерде модульді орналастыру – 1 шаршы сантиметр үшін 120 теңге, ҚҚС-сыз.
Редакцияның электрондық поштасы: atameken1932@bk.ru
Телефон: 8 (72770) 2-44-28, 2-44-27.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

РАСЦЕНКИ для публикации материалов предвыборной агитации кандидатов в акимы сельских округов
Стоимость печатных площадей для размещения агитационных материалов в газете «Атамекен» составляет:
– 120 тенге за 1 кв. см. размещения модуля на страницах с журналистскими публикациями, не включая НДС.
Электронный адрес редакции: atameken1932@bk.ru
Телефон: 8 (72770) 2-44-28, 2-44-27.

• 28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

БАҒЫТЫ АЙҚЫН БАСЫЛЫМ

«Газет — халықтың көзі, құлағы, нәм тілі» деп ұлтымыздың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Төртінші билік» саналатын баспасөздің қоғамдық пікірді қалыптастырудағы маңызы зор. Себебі өмір айнасын, белгілі бір кезеңнің шынайы бет-бейнесін көрсету — баспасөздің еншісінде.

Бүгінде ақпарат кеңістігіне теледидар мен интернет ресурстары қосылғанымен дәстүрлі басылымға деген сұраныс кеміген жоқ. Қайта газет оқырмандарды құнды ақпараттармен қанықтырып, бәсекеге қабілеттілігін танытып келеді. Тіптен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы газетте жариялануы дәстүрлі басылымға деген сенімнің арта түскенін айғақтайды. Міне, осы бір мысалдардан-ақ БАҚ-тың қуаты байқалады.

Қазіргі таңда осы жауапкершілікті сезіне отырып, оқырман көңілінен шығатын басылымдар саны артуда. Солардың бірі – Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым «Атамекен» газетінің қалың оқырманмен қауышқанына сексен тоғыз жыл.

Өз оқырманын қалыптастарған, жүректеріне жол тапқан басылым қазақ баспасөзінің қасиетті дәстүріне берік, айшықты айдарларымен асқақ.

Содан кейін шығар, мен де өзімнің еңбек жолымды осы «Атамекен» газетінде жұмыс істеуден бастадым. Жамбыл бабамыздың бейнесін өзіне бойтұмар еткен басылымды әрдайым мақтаныш етемін. Себебі, әр адам өзінің кәсібіне бейімделгенде, машықтанғанда ғана өз мамандығын сүйіп, қадірлей алады. Мен де сол бір кезде арман жүгін арқалап, алғашқы жазған дүниелерімді осы газетке алып келгенім әлі есімде. Мектеп қабырғасында жүргенде қолыма қалам ұстап, қабырға газеттеріне қажетті тақырыптарды өзімше өлеңмен шумақтайтынмын. Бірақ сол балауса шақта туған

шығармаларыма ешбір көңілім толмайтын. Әйтсе де белгілі ақын Есенкұл Жақыпбек журналистикаға құштар жастардың талабын жықпай, талпынысын қолдайтын.



Бүгінде редакцияның үркердей ғана ұжымын басқарып отырған ҚР «Ақпарат саласының үздігі», Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы, белгілі ақын, публицист, жазушы Рәтбек Садуақасұлы жас журналистерді тәрбиелеп, оларды шығармашылыққа бейімдеп, қатарға қосқан ұлғатты ұстаз. Ұрпақ үндестігі мен сабақтастығына арқа сүйеген «Атамекеннің» абыройы биік десек, асыра айтқандық емес. Өйткені, күн сайынғы күрделі жұмыстың күрмеуін шешіп, жемісті жұмысты жүзеге асыру жауапты іс. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, құқық қорғау, ұлттық қауіпсіздік, білім беру, денсаулық сақтау, саламатты өмір салты, тарих, тіл мен дін, мәдениет пен спорттағы басқа да толып жатқан тақырыптар газеттің әрбір нөмірінен өзінің жан-жақты көрінісін тауып, жалпақ жамағатқа дер кезінде жеткізілуі қажет. Осы орайда «Атамекен» газетінің ажары ашылып, елдің нағыз еңселі мінберіне айналды. Сананы жаңғыртып, білімді тереңдететін танымдылық жағынан мағыналы мақалалар, экономикалық даму, мәдени асыл мұралар, бүгінгі ауылдың кескін-келбеті әңгімеге арқау болып тұратын «Атамекен» газетінің шығармашылық ұжымы да өмір талабы тұрғысында еселі жұмыс атқарып келеді.

Сексен тоғыз жылдық тарихы бар газеттің көлемі ұлғайып, әр

нөмірі полиграфиялық безендірілуі жағынан айшықтала түсуде, әрі жан-жақты мәселе көтерудегі жаңаша бетбұрыс жасауы газет оқырманын қуантады. Бұл жерде журналистің кәсіби шеберлігінің

шыңдалу ерекшелігі бар екендігін тілге тиек етсек болады. Соңғы жылдары «Атамекен» газеті қазіргі талапқа сай өзгеше түр, жаңа мазмұнға ие болды. Газет дизайнына айрықша мән беріліп, бет-бейнесін өзгертіп, өңделіп, әрлене түсті. Жаңаша бағытын тапты. Ішкі бағытын айқындайтын жаңа айдарлар ашылды, байыпты бастамалар жасалды. Газет шұрайлы тілімен тақырыпты ашу шеберлігімен шын мәнінде көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген бұқаралық ақпарат құралына айналды.

Мұның бәрі редакция ұжымы ұстанымының арқасы деп білемін. Ойы озық, көзі қырағы журналистер қауымының ел өміріндегі өзгерістерді бағамдап, жаңалықтарды жедел әрі шынайы жеткізудегі қызметі өлшеусіз.

Қазіргі таңда аудандық газет 4000 данамен шығарылып, ауданның 24 ауылдық округіндегі 61 елді мекенге таратылады. Апталық басылым сенбі күндері оқырман қолына тиеді. Газет ұжымы жас кадрлармен толыққан. Редакция заманауи құрылғылармен жабдықталған. Газет редакциясында бірнеше тәжірибелі журналистер мен баспасөз ісіне әбден машықтанған бірнеше маман қызметкер жұмыс істейді. Олардың қатарында редактор Рәтбек Керлікбаев пен бірге Тұрсынжан Токтасынов, Роза Сейілхан, Бақтияр Айталы, Елдар Жақыпбеков сынды қаламгерлер бар. Газеттің сәнді

шығуына жауапты хатшы Мадина Токтасынова мен дизайнер Айнұр Қойкелова барынша атсалысады. Сондай-ақ, қызметкерлер есепші Айнұр Құлменова мен хатшы Назгүл Сәлімбаева және редакцияның тазалығына жауапты Адилем Ильясова ортақ іске өз үлестерін қосып келеді.

Бүгінде басылым өз жұмысын жаңа сипатқа бұрып, тың ізденістер үстінде. Сондықтан аудандық газеттің игілікті оң істеріне әрдайым жылы лебіздер айтылып, әділ бағасын алуда. Алайда көзі қарақты оқырманның талғамынан шығу оңай емес. Оның үстіне, медианарық талабы күн сайын түрленіп отыр. «Жамбыл Атамекен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заман талабына сай болу үшін игі бастамаларды жүзеге асыруда. Бұл бағытта аталмыш басылымда www.zhambylatameken.kz сайты және Facebook, Instagram әлеуметтік желілері іске қосылған. Қазіргі уақытта баспасөз саласының мамандары да газет сапасына мән беріп, жаңа технология дәуірінің мүмкіндіктерін басылым беттерінен көрсетуге тырысуда.

Жалпы уақыт атты күдіреттің қазанында қайнап, басылымда шеберліктерін шыңдаған әрбір азамат үшін «Атамекен» рухани ұстаз, әрі теңдесі жоқ тәрбиеші. Олай дейтінім, мұнда қарымды қаламгерлердің біліктілігі артты, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, болашақтағы бағытын айқындады да келер ұрпаққа қолтаңбаларын қалдырды. Газеттің сарғайған беттеріне көз салып зерделей білсеңіз, мұнда замана қойған талаптарға сай атқарған ауданның тыныс тіршілігі де бар. Жалпы алғанда, бүгінгі қауым аға ұрпақ өкілдерінің жүріп өткен жолын, соның ішінде ашаршылық, зобалаң, нәубет, соғыс жылдарындағы басынан кешкен зұлматтармен де тіпті кешегі тоқырау деп аталған аумалы-төкпелі кезеңдерден кейінгі нарықтық экономика әкелген қиындықтармен де «Атамекен» арқылы танысатынына сенімдімін.

Сөз соңында әріптестерімді баспасөз мерекесімен құттықтап, шалқар шабыт, толымды табыс тілеймін!

Әйгерім ӘБУ.

«Қай елдің
баспасөзі мықты
болса, сол елдің
ертеңі мықты».

Міржақып ДУЛАТОВ.

Журналистер қарлығаштар,
Жаңбыр шайып қанатын.
Самал тарап, күн сүйген,
Жаңалық сәтте жария
Жақсы жайнап, масайрап,
Қылығы жаман үрпиген.

Сөзі ұшқыр
Жебедең

Қаламы өткір қыл жарған,
Әділеттің найзасы
Әрекет ісі сатусыз.
Халқына үкен пайдасы,
Сулық кимей жаңбырда.
Күнге де ыстық қарамай,
Жаңалық елге жетпесе.
Қалардай қаны тарамай.
Сапарға шығып дауылда
Түрлі оқиға қуаныш,
Жеткізер дер кез ауылға
Шындықты жазар айғайлап,
Әр сөзі үлгі қауымға.
Тайсалмай тіке кірісіп,
Нақтылықты жақтайды.
Ел сенімін ақтайды.
Жеңімпаз түскен дауында.
Санасы сергек сезімтал,
Көкей көзі көреген.
Сөзі ұшқыр жебедең.
Көркем мінез керімсал,
Берілген халық адамы
Оятар ойды қалғанды.
Сиқырлы, нәрлі қаламы,
Алдыңғы шепте майданда.
Еңбекте, топта тойда да,
Табылатын қайда да.
Журналистер жасасын,
Ізденістен талмасын.
Алдаберген ОҢҒАРБАЕВ.

Журналист
мәртебесі

Ту студент шындықты жалықпаған,
Ел бірлігін жырлаған, шарықтаған.
Жіті шолар қоғамды журналистер,
Шағаладай шабыты қалықтаған.

Шымыр ойын әрдайым саралаған,
Алыс-жақын өңірді аралаған,
Жеделдете жеткізер жаңалықтың
Ақ-қарасын айшықтап даралаған.

Жақсылықты қолдайтын
бал-бұл жанып,
Журналисті сыйлайды сан

мың халық.
Сұрақ қойып алдына барған кезде,
Именеді болса да қандай алып.

Қараулықтың тұманын
түріп ашқан,
Оқиғаның қаншама сырны ашқан,
Ел мүддесін бәрінен биік қойып,
Тілейтіні – ынтымақ, тұнық аспан.

Қиянатқа болам деп арашашы,
Ағарады ертерек қара шашы.
Алтын артқан атан мен
журналист – бір,
Тек өзіне мәлім ғой тамашасы.

Мәмілемен талайды достастырған,
Ақиқат пен уақытты астастырған.
Арта берсін журналист мәртебесі,
Парасат пен білікті ұштастырған.

Көгедай ШӘМЕРХАН.

СОЛ БІР КҮНДЕР...

Журналист болу әркімнің басына жазыла бермес бақ болса керек. Өйткені, сөз қадірі қашан да бірінші орында тұрады. Оның қорғасындай ауыр салмағын көтере алатын журналистер өмірдің ащы сынына да шыдамақ. Себебі, ұлт тағдырын шешетін де қасиетті сөз өнері. Менің негізгі мамандығым мұғалім болғанымен, осы журналист болу жаныма етене жақын болды.

Яғни, екінші бір арманым еді.

Кейде өлеңмен, кейде қара сөзбен ішкі ойыңды ақтарып, дүниені кезіп, керемет күй кешетін сәттер өміріміздің бір бөлшегідей. Қайнаған ортаның аласапыран кезеңдері журналистер үшін қызықты еді. Мәселе біреуді сынау, мінеу емес, адамдардың тыныс-тіршілігін, болмысын, табиғатын зерттеу, жаңалықтарға жаны құмар қырағы тілшілердің сүйікті ісін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес сияқты. Мүмкін, журналистерді адам жанының зерттеушісі десе, жарасар.

2006 жылы белгілі журналист, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан

Журналистер Одағының мүшесі, жазушы Күмісжан Байжан әпкеміздің шақыруымен осы «Атамекен» газетіне жұмысқа орналастым. Бірақ, өкінішке қарай, бір-екі айдан кейін ол кісі «Егемен Қазақстан» газетіне ауысып, бізге марқұм Есенкұл ағамыз редактор болып келе қалды. Содан табаны күркетей төрт жыл редакцияның қым-қуат тіршілігіне араласып кеттім. Бір сәтте мақала жазып отырып, газеттің әріп қателерін тексеру, оны шұқшынып оқып отырғанда мақаласын алып келген оқырманмен тілдесу, сөйтіп отырып, безілдеген телефонға жауап беру үлкен іскерлікті қажет ететін еді. Соның өзі адамды титықтатып жіберетін. Көзің ауырып, кешкісін сүріне жығылатынбыз. Ақындықты қоса алып жүру тағы бар, үйдегі бала-шаға бар, әйтеуір бір бітпейтін қарбалас еді. Өбден шаршаған кезде газет тілшісі, құрдасым Тұрсынжан Токтасын екеуміз әзіліміз жарасып, бір-бірімізді асыра мақтап қоятынбыз. Онымыз көпке ұзамай керісіп қалатын кездеріміз де жиі қайталанатын. Мен «қаттырақ» кетсем, редакция

қыздары: «Байқаңыз, ол кісінің басы ауырады, қан қысымы бар...», – дейтін. Мен дереу басыла қоятынмын.

Облыстық «Жетісу» газетінің Жамбыл ауданындағы меншікті тілшісі Серік Сатыбалды ол кезде редактордың орынбасары еді. Маған жұмбақ жан сияқты көрінетін. Оған «Алтын асық» деп ат қойып алғанбыз. Ешкіммен ашылып сөйлеспейтін, жұмысына тастай, өте ұқыпты болатын. Мінезсіз адам болмас. Абайсызда ашуына тиіп кетсең, ашуланбай-ақ күліп отырып, астарлы әзілмен тілмен шағып сөйлейтін. Оның өткір сөзі сөз қадірін түсінетін адамға жетіп жатар еді.

Есағаның ашуланған кезінің де талай куәсі болдық. Соңынан бала сияқты ұмытып, ажарқын, жаймашуақ ақын кейіпіне еніп отыратын. Редакцияға ол кезде Мұхамеджан, Өмірбай ағаларымыз, Рәтбек, Әуелбек, Нәзипа, Марат сияқты т.б. ақын-жазушылар жиі бас сұғатын. Мерекелерде қазан көтеріп, мәре-сәре болып жатушы едік. Қайран күндердің ол кезде сағыныш боп артта қаларын кім білген. Осы бір естелікті жазып отырып көзіме еріксіз жас үйірділді... Сіздер менің әр уақытта жадымдасыздар! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Гүлнәр ӨМІРЗАҚОВА.

• 28 маусым – Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні

МАРЖАН СӨЗДІҢ ҰСТАХАНАСЫ

Өзіндік өрнекті жолы бар іргелі басылымның бірі – «Атамекен» бұрынғы (Екпінді еңбек) газетінің шыға бастауына 90 жылға аяқ бастап отыр. Газеттің тұңғыш саны 1932 жылы «Большевиктік жол» деген атпен 800 дана таралыммен жарық көрген екен. Ал, 1957 жылы газет «Ленин жолы», «По Ленинскому пути» деген атаумен қазақ және орыс тілдерінде шығарылған. Араға төрт жыл салып 1961 жылы Жамбыл және Қаскелең қаласына қоныс аударып, газет атауы «Ленин туы» болып өзгерген екен. Бұдан соң 1963 жылдың 1 мамырынан бастап Жамбыл аудандық газеті өз алдына отау тігіп, «Екпінді еңбек» атауымен өз оқырмандарына жол тартты. Еліміз өз егемендігін алғаннан кейін 1992 жылдың 1 қаңтарынан газет «Атамекен» атауын иемденіп, жыр алыбы Жамбыл бабамыздың бейнесін өз бойтұмарына айналдырған болатын.

Бұл газет ұжымы үшін үлкен абырой, рухани айбынды асқақ рух болғаны ақиқат. Тоқсан жылға тарта жаңалық пен жақсылықтың жырышы болған газет көптеген асуларды артқа қалдырды. Әсіресе бәрі қолмен атқарылып, полиграфиялық базаның нашар кезінде ұзақ таңға жүріп, май шамның жарығымен шығарылған бұл үнжария өте күрделі болды. Дайындап оқып көз майын тауысқан журналистердің жанкештілік еңбегі ерен еді. «Арқалағаны алтын, жегені жантак» болған еңбегі елеулі қаламгерлер шоғыры көп болды. «Атамекен» осы аралықта аудан, облысты былай қойғанда республика көлеміне танымал тұлғаларды өсіріп қанаттандырды. Кезінде өздерінің ең алғашқы жазған тырнақ алды мақалаларын туған елі «Атамекен» арқылы таныған қазақ ұлтының біртуар қарымды қаламгерлері жазушы Балғабек Қыдырбекұлының, Сейдахмет Бердіқұловтың, Оспанхан Әубәкіровтың, Өнуарбек Дүйсенбиевтің есімдерін ірқашан зор құрметпен айтамыз. Осы басылымның ең алғашқы редакторы болған бүгінде жүз жастың төріне көтерілген Ханымбүбі Ақжолова содан кейін редакторлықты қолдарына алған Заманбек Жәкенов,



Ақан Тұрғынбаев, Сатыбалды Асанов, Үсенбай Тастанбековтың еңбектері айтарлықтай зор болды. Бұдан соң бас редактор қызметін Әбілғазы Тоғызбаев, Нағашыбек Қапалбеков, Күмісжан Байжан, Есенқұл Жақыпбеков, жалғастырған болатын. Қазіргі уақытта бұл басылымның бас редакторы елге танымал ақын журналист, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Рәтбек Терлікбаев екенін айтпақпыз. Әр жылдардағы бас редактордың орынбасарлары Тұрсынбек Ешенқұлов, Жұмағали Жұмаділов, Сәдуақас Бигелдиев пен Әлімжан Дәуітовті атап айтуға болады. Дарын қабілетімен оқырманның ыстық ықыласына ие болған яғни, әдебиет әлемінен ойып тұры орын алған Мұхаметжан Етекебаев, Жұмабай Шаштайұлы, Есберген Естаев, Орысбай Әбділдаұлы, Мұхаметжан Әбдірахманов, Нағашыбек Қапалбеков, Базарбек Атшабаров, Жұматай Қалығұлұлы, Есенқұл Жақыпбеков, Қанипа Бұғыбаева, Надежда Лушникова қазақ оқырмандарына өте жақын қаламгерлер. Журналистика саласында маңдай терлерін төгіп сөзден маржан сүзген Жұмаш Арғынбаев, Нұрманбет Қизатұлы, Жұмагүл Солты, Гүлзейнеп Сәдірқызы, Нүсіпбай Әбдірахым, Талғат Сүйінбаев, Жолдасхан Құрамысов, Сейітхан Молдахметов,

Рәтбек Терлікбаев, Махан Әміреев, Манарбек Избасаров, Ерік Амантаев, Керімбай Нүсіпқұлов, Болат Аханов, Қайрат Құлменов, Абатбай Кірқабақов, Жамлиха Шалұлы, Жанастан Кучукова, Бақытжан Денгелбаевтың есімдері қазақ баспасөзінің маңдайалды мақтанышына айналды. Редакция мен баспахана бұрынғы темекі сарайының ғимаратында бірге жұмыс атқарды. Баспаханың директоры Түзелбек Қалығұлұлы содан кейін Құрманакын Құсайынулы болды.

Екі ұжым бес саусақтың саласындай еншісі бөлінбей бірге еңбектенді. Газет тілшілері мақаланы жазып дайындаған соң баспаханаға береді, ондағы терімшілер полиграфиялық линотип машинада отырып қолмен теріп, қорғасынға басады. Осындағы үш әріп терушіге тыным жоқ, ал, газет басушы болса олда өз жұмысына жауапты тұлға. Мақаланы қорғасынға терушілер Ербөпе бастаған Алтын, Қарлыға, Дариға бір кісідей жұмыла атқаратын. Сонымен бірге, бұл баспаханада Боранқұл Әмірова, Сайлауқұл Телтаева, қағаз кесуші Нұржан Атамқұлов ортақ мақсатқа өз үлестерін қосты. Бас редактор Күмісжан Құдайбергенқызы бастап, орынбасары Әлімжан Дәуітұлы қостап газеттің әр нөмірін жоспарлап алған соң тілшілер ауданға шығып мәлімет жинауға кіріседі. Редакцияға келген соң тілшілер жазғанын қол машинкасына Әлия, Зәуреш атты қыздарға тергізіп оқып шыққан соң бас редакторға береді. Содан әбден еленіп сүзгіден өткен мақала немірге салынады. Ең алдымен баспаханадағы линотип қол машинасында теріліп болған соң беттеледі. Дайын бетті ең алдымен кезекші редактор мен корректор салыстырып оқып шығады. Содан кейін әріп қателер көрсетіліп қайтадан баспаханаға жіберіледі. Бұл жұмыс айтар ауызға оңай

болғанымен шындап келгенде инемен құдық қазғандай қиын деуге болады. Бұл процес күні бойы қайталанып кейде түнге дейін жалғасатын. Дайын болған беттер ең алдымен жылтыр пленкаға басылып шығады. Содан барып беттеріне қара құрғақ қоспа жағылады. Әбден кепкен соң 4 бет газет қаладағы №1 баспаханаға жіберілетін еді. Қарап тұрсаңыз баспа жұмысы тек қолмен ғана атқарылатын жеңіл деуге ауыз бармайды. Қалалық баспаханың полиграфиялық машиналарыда ескі форматта болатын күш қуаты аз соған қарамастан барлық ауданның газеттері осы жерде басылатын.

Сонымен бірге, ауыл, кенттегі тілшілері өз тарапынан атсалысып, әр нөмердің сапалы әрі мазмұнды болып шығуына өз үлестерін қосқан болатын. Олар Алмабек Сұрапбергенов, Сәкен Жәкеев, Мамед Карслиев, Молдахмет Оспанов, Владимир Никитин, Бейсенбай Әбдиев, Үрімхан Өкей, Гүлнәр Өмірзақова, тағы басқалар осы газеттің ұстаханасынан өтіп елге танылды. Өткен шақтар келмесе кетті, ақпарат саласы түп-тамырымен жаңаланып өзгерді. Бүгінгі таңда «Атамекен» газеті сапа мен безендірілу жағынан алға озды. Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда таралымы өсті, жаңа айдарлармен айшықталды. Ұлттық сананы қайта түлетуге, өскелең жас ұрпақ тәрбиесіне қысқасы күнделікті қоғамда болып жатқан оң өзгерістер атаулыны назарға алып, заманауи бастамалармен жарық көруде. «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері», Қазақстанның халық ақыны Әсімхан Қосбасарұлының газеттің 70 жылдық мерейінде мына толғауын арнаған еді.

...Атамекен газеті,
Қыруар жұмыс атқардың,
Ер жетті азаматтарың,
Зейнеткерлікке шығарып,
Батасын берді қарттарың
Қуатты болсын мерейтой,
Биікке қарай аттадың
Газеттің қызметкерлері
Таймасын бастан бақтарың,
Жәкемнің асыл бейнесін,
Кіршіксіз таза сақтағын!
Мерекелеріңіз мерейлі болсын
әріптестер.

Тұрсынжан ТОҚТАСЫН.

Ақындар мен батырлар елі атанған аудандағы қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленіп сүйікті басылымына айналған «Атамекен» газетінің орны тіптен бөлек. Осы газеттің басы қасында жүріп, өзінің журналист ретінде

Ел мен жер шежіресі

шығармашылығын шындаған қаламгер қатары аз емес. Олардың есімдері аудан, облыс пен республикаға танымал, қаламгер шоғырын құрайды. Мен бұл газет редакциясына 1970 жылы жұмысқа келдім. Өткен күндер әлі есімде. Ол кезде бас редактор Әбілғазы Тоғызбаев болатын. мен негізінен ауылшаруашылығы саласын жазумен айналыстым. Аудандағы колхоз, совхоздағы екінші тың иегерлері шопандардың еңбектеріне куә болып, осы тақырыпты қамтыдым. Менен бөлек Жұматай Қалығұлұлы бастаған Сейтхан Молдахметов, Әлімжан Дәуітов, Жолдасхан Құрамысов, Талғат Сүйінбаев, Керімбай Нүсіпқұлов сайдың тасындай журналист жігіттер тың ізденіспен жүріп жаңалықтың жарышысы бола білді. Содан кейін газеттің бас редакторлары Нағашыбек Қапалбековпен Күмісжан Байжан болды. Күн-түн демей талай рет арнайы іс-сапарда болып, еңбек адамдарының арасында жүрдім. Колхоз совхоздың маңдайалды еңбек озаттары сауыншы, қойшы, жылқышымен, сиыршылар, механизаторлар туралы мақала жазумен айналыстым. Ұмытпасам 1983-1984 жылдары бас редактор Нағашыбек Қапалбековтың тапсырмасымен елі аралас, қойы қоралас ақ қалпақты қырғыз ағайындарына фототілші Рәтбек Терлікбаев екеуміз іс-сапар мен бардық. Мақсатымыз ондағы еңбек озаттары туралы жазып газетке мақала шығару болатын. Сол кездегі Қырғыз ағайындары бізді туған бауырындай қарсы алып, колхоз бен совхоздарын аралатты. Мал шаруашылығындағы жеткен жетістіктерін баяндады, ондағы еңбек озаттарымен жолықтырды, олар жеткен жетістіктері туралы айтты.

Осылайша, Рәтбек екеуміз бауырмал айыр қалпақты ағайындардың ерен еңбегін қойын кітапшамызға түртіп, суретке түсіріп жақсы әсермен ауылға қайтқан едік. Содан мен «Екпінді еңбек» газетінің ұстаханасында 1989 жылға дейін тілшілік қызметімді абыройлы атқардым. Зейнеткерлікке шықсамда қолымнан қаламымды тастамай жазумен айналыстым. Ақын, журналист Есенқұл Жақыпбеков «Атамекен» газетін бас редактор болып басқарғанда да редакциядан қол үзген жоқпын. Жазған мақалаларым жарық көріп тұрды. Редакция менің еншісі бөлінбес екінші үйім болды. Қазірде қыз, жігіттер ардагер деп сыйлап төрлеріне шығарып құрметтеп келеді. Тоқсан жылға тарта тарихы бар бұл басылымды қазір ақын, журналист, бас редактор болып Рәтбек Сәдуақасұлы басқарып отыр. Осы саладағы көп жылғы еңбегімде ескерусіз қалмай марапат мақтауларға ие болдым. Сонымен бірге, Жамбыл ауданының құрметті азаматы атандым. Аллаға шүкір сексеннен ассамда жаным жақын «Атамекен» газетімен бірге өмір сүріп келемін. Редакция ұжымын кәсіби төл мерекелерімнен құттықтап зор шығармашылық табыстар тілеймін.

Базарбек АТШАБАРОВ,
ардагер журналист,
Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы.

Қасиетті қара шаңырақ

Менің осы мамандықты таңдауыма ықпал еткен адам – әкем Әшімбек Сатыбалдыұлы болды. Ол өзі мұғалім бола жүріп, 1960-80 жылдары штаттан тыс тілші ретінде облыстық «Жетісу» газетінің бетінде ел мен жер тарихы, ауыл өмірі туралы танымдық, ақпараттық мақалалар жазып тұрыпты. Аудандық газетпен де байланыста болған. Мен Шиен орта мектебін бітірген жазда сол кездегі «Екпінді еңбек», қазіргі «Атамекен» газетіне ертіп келді. Осы аймақта қолына қалам ұстағандар үшін қасиетті қара шаңырақ саналатын редакцияның табалдырығын алғаш аттағаным сол кезде. Сонда бас редактор Нағашыбек Қапалбековке кіріп шыққаны есімде. Осы газетте алғашқы мақалаларым жарық көрді. Келесі жылы әкем мені ҚазГУ-ге, қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ге апарып, журфакқа оқуға түстім. 1991 жылы оқуымды бітіріп, қалада газетте жұмыс істеп жүргенімде Сейдахмет Бердіқұловтың үйіне ертіп апарып, мені сол кісіге табыстаған

болатын. Өйткені Сейдахмет аға мен әкемнің шешелері жағынан жақындығы бар. Бірақ ол кезде Сейдахмет аға науқастанып жүр екен, артынша көп ұзамай қайтыс болды.

Журналистикадағы алғашқы ұстазым – Үмбет Әбназарұлы. Ұзақ жыл Қазақ Радиосында қызмет істеген қарымды қаламгер, Желтоқсан оқиғасының белді қайраткері, ҚазТАГ-тың қазақ жастарына «нашақор» деп жала жапқан сөзін эфирге жібермей қысқартқаны үшін саяси қудалауға ұшыраған ұлтжанды азамат. Кейін толық ақталып шығып, радиодағы қызметіне қайта қабылданды. Жұмысқа шар болаттай шыңдалған өте еңбекқор жан болатын. Қазір зейнеткер, жасы сексеннен асты. Үмбет ағамен Алматы қалалық радиосында таныстым. Онда жоғары курс студентімін, өндірістік тәжірибеден өту үшін барғанмын. Өзі біздің Қоғамшыл ауылынан екен, менің әкем оған Дегересте мектепте сабақ беріпті, әрі шешем жақтан елі бір – Тайторы. Мені бірден өзіне жақын тартты. Мен де алғаш көргеннен жүзі жылы ағаны туысымдай көріп, жақын араласып кеттік. Радиожурналистиканың қыр-сырын

тәжірибе жүзінде сол кісі үйретіп, қалалық радиоға жұмысқа тұруыма ықпал етті. Бес жыл Қазақ Радиосында еңбек еттім.

2000 жылдан бастап туған жерде қызмет ету бұйырды. Жамбыл ауданы әкімінің аппаратында 2000-2006 жылдары алғаш аудармашы, кейін мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман лауазымдарын атқардым. 2006-2012 жылдары аудандық «Атамекен» газетінде еңбек еткенім мен үшін зор мәртебе. Бұл маған баспасөзде жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктерін жете сезініп, қаламның ұшталуына, редакцияның ішкі жұмыстарын меңгеруге үлкен мектеп болғаны анық. Баспасөз саласындағы ұстазым деп Күмісжан Байжан әпкемізді санаймын. Аудандық газетте қазактың аяулы ақыны Есенқұл Жақыпбеков бас редакторым болды. 2012 жылдың қазанынан «Жетісу» газетінің меншікті тілшісімін.

Журналистер күнімен әріптестерімді құттықтаймын. Рәтбек Сәдуақасұлының басшылығындағы редакция ұжымына шығармашылық табыстар тілеймін.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.

♦ РЕСМИ

Медиация – мәміле алаңы

Медиация термині латын тіліндегі геометриялық «Медиана» – ортақ сызық деген ұғымды білдіреді. Қазақ ұғымына сәйкестендірсек, медиатор екі жаққа да ортақ, дауда айтысушы жақтарды мәмілеге келтіріп таразылап тең шешетін тарап.

Медиация негізінен алғанда тұрғын үй, еңбек, отбасылық және көршілер арасындағы даулар мен кикілжіндерді шешуде қолданылады. Сонымен бірге түрлі қылмыстық істер, егер олар аса ауыр болмаса, сотқа қаралуға жатпаса, оларды да медиаторлардың қарауына беруге болады. нақтылай айтқанда, медиация тараптардың ерікті түрде келісім болғанша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен арадағы реттеу рәсімі. Ал, медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізінде медиация жүргізу үшін тараптар тарататын тәуелсіз тұлға болып саналады. Жоғарғы сот төрағасының 2017 жылғы 26 қаңтардағы өкілімен жекеленген санаттары бойынша дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша алғашқы жобаны іске асыру ережесі бекітілген болатын. Бұл аталған жобаның басты мақсаты мен

міндеттері даулардың жекеленген санаттарын медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу болып табылады.

Медиатор дегеніміз – екі жақты мәмілеге келтіретін үшінші тұлға. Ертеде қазақ қоғамында небір даулы мәселелерді, әділқазылар шешкен ғой. Ендеше, сот жүйесіне бітімгерлік тәсілін енгізу қазақ халқының өшкенін жандыру болып табылады. Жыл сайын медиатордың көмегімен азаматтық істер қаралып, екі жақ өзара бітімгершілікке келіп отыр. осыған байланысты екі жақта дау туындап жатса онда тараптар медиатордың көмегіне жүгінуге құқылы болып табылады. Негізінен Медиация туралы заңды азаматтық істер бойынша кеңінен қолданған дұрыс. Өйткені, медиацияның артықшылығы – сот процедурасымен салыстырғанда, аз уақыт алады және медиация жолымен шешілген іс екі жақтың талаптарын қанағаттандырады. Сонымен қатар, сот шығындарын қысқартып және тараптардың өзара қарым-қатынасын қалпына келтіретін болады. Алайда, қазіргі кезде сотқа келген адамдардың бәрі істерді медиаторлардың көмегімен шешуге болатынын білмейді.

А.БЕЛГБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

♦ Жазғы лагер

«Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!» демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде «СЕЕ Қ.Әбсәметов атындағы орта мектебінде» іс-шаралар өткізілуде. Мақсаты

Жадырап жаз келгенде...

– шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламаларды іске асыру үшін балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың бірінші тәсілдерін әзірлеу.

«Сәлем, жаз!», «Ура, каникулы!» тақырыбында 3, 4-сынып оқушылары арасында мектеп ауласында асфальтта сурет салу байқауы өтті.

Сондай-ақ, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Шынықсаң, шымыр боласың» спорттық ойындары өткізілді.

Мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Смаилова және ДТЖ орынбасарлары мүмкіндігі шектеулі, үйден оқытылатын және АҚБ оқушылардың үйлеріне барып, мерекелік құттықтап, кішігірім сыйлықтар берді.

1 маусыммен 12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпарат-тық науқаны ұйымдастырылып, іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ, «Түнгі қаладағы балалар» рейді, мектеп кітапханасында бала еңбегін жою мәселесі бойынша әдістемелік көрме, «Бала құқықтарының қорғалуы – демократия көрсеткіші» тақырыбында 8-сыныптар арасында әңгіме, 6-7 сынып оқушылары арасында «Қазақстан балалары спортты таңдайды» тақырыбында спорттық эстафета ойындары өткізілді.

«Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты 2-сыныптар арасында онлайн мерекелік іс-шара өткізіліп, «Мир детства» атты онлайн суреттер байқауы мен өлеңдер оқылды. 5-сынып оқушылары үшін «Объективте қасиетті орындар» Қазақстанның киелі нысандарына, «Ескерткіштер – тарих қорғаушылары» қаланың ескерткіш орындарына виртуалды саяхаттар ұйымдастырылды.

4 маусым ҚР-ның Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы!» тақырыбында мектеп оқушыларымен ақпараттық сағаттар өткізілді. 10-сынып жетекшісі О.С.Кулага Қазақстан Республикасының Рәміздер күніне арналған «Государственные символы – моя доблесть» тақырыбында, 5-сынып жетекшісі А.Амангелдіқызы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері» тақырыбында онлайн сабақтар өткізді. Мектептің бастауыш сынып жетекшілері «Рәміздері еліміз – бойтұмары жеріміз» атты суреттер мен өлеңдер бейнеролингін ұсынды.

4 «А» сыныбында «Туған өлкем» өлеңдер, мен әндердің онлайн конкурсы өткізілді. 3-сынып жетекшілері сыныптар арасында «Балалық шақ ғалмшары» тақырыбында сыныптан тыс, іс-шара өткізді. 4-сынып жетекшілері оқушылармен бірге «Умею сам – научу другого» атты шебер сынып онлайн сағатында қолданылған әртүрлі заттардан қызықты бұйымдар жасады.

Жазғы демалыста оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жоспарына сай «Жазғы саяхат» апталығы бойынша «Музейлік калейдоскоп» Түркістан қаласына онлайн саяхат жасады. 4-сынып оқушылары арасында онлайн өткізілген «Лучший штурман» ойынында оқушылар туған өлкесінің көрікті жерлері туралы өлеңдер оқыды. Ал, 3-сынып жетекшілері «Біздің отбасымыздағы бір күн» атты онлайн фото сурет көрмесін ұйымдастырып, оқушылардың отбасындағы бақытты сәттерін суретке түсіріп, жақсы көңіл-күй сыйлады.

А.РОЖАЕВА,
Қ.ЗАРИПБАЕВА,
Қ.Әбсәметов атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.

Әр күні мәнді демалыс

«Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі ҚР білім және ғылым министрілігінің 2021 жыл 5 мамырдағы № 203 бұйрығына сәйкес 26 мамыр мен 19 маусым аралығындағы ата-аналар өтініші бойынша оқыту сапасын арттыру және шектеу шаралары кезеңінде білімдегі жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында білім ордасында жазғы мектеп жұмыстары басталды. «Жазғы мектепке» 4, 6, 7, 8, 10 сынып оқушылары қамтылды. 4 сыныптан 60, 6 сыныптан 177,7 сыныптан 116,8 сыныптан 116, 10 сыныптан 64 оқушы. Жалпы 533 оқушы қамтылды. Сабақтар бекітілген жұмыс жоспары, сабақ кестесі арқылы өткізілуде. Жазғы мектеп кезінде оқушылардың мектепке деген сағыныштары байқалады. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты бір жыл бойы қашықтықтан оқытылған балалар мектеп қабырғасында өткізілетін сабақтарға белсене қатыса отырып, сабаққа деген қызығушылықтары арта түсуде.



Жанар БАҚЫТ,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Жазғы лагерьдегі жарқын істер

«2020-2021 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» бұйрығы негізінде білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін, оларды оқыту үшін мектеп директорының «Жазғы мектеп» жұмысын ұйымдастыру» туралы 2021 жылғы 5 мамырдағы № 67 бұйрығымен 2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусымға дейін жазғы мектеп жұмысы қолға алынды. Оқу жылының соңында өткізілетін жалпы ата-аналар жиналысында жазғы мектептің жұмысы, оның жоспары таныстырылды. Жазғы мектепке арналған жұмыс жоспары бекітіліп, мектепке келетін оқушылар саны мен пән мұғалімдері нақтыланды, пән кабинеттері бекітіліп, икемделген сабақ кестесі құрылды. Жазғы мектептің жұмысы ата-аналардың өтініштері негізінде ұйымдастырылды. Жазғы мектепті ұйымдастырудағы негізгі мақсатымыз – білім олқылықтарын жою, білімнің сапасын арттыру және осы оқу жылында түрлі шектеу шараларын өткізіп, босаңсыған білімдерді толықтырып, әр негізгі пән бойынша тиісті оқу бағдарламасын әр оқушының білуін қамтамасыз ету болып отыр. Оқыту пәндеріне пән мұғалімдері ең қиын тақырыптарға байланысты орта мерзімдік және күнделікті жоспар жасады, уақытша бағалау журналы жүргізіліп, оқушыларымыздың оқу жетістіктері бағаланды. Биылғы оқу жылындағы қашықтықтан оқытылған 6, 7, 8, 10 сыныптардың оқушыларына негізгі басымдықтарды бере отырып, 4 сынып оқушыларын да ата-аналардың өтініштерімен жазғы мектеп алаңына қосып, оқыттық. Мектебімізде жазғы мектеп жұмысымен 4-10

сыныптарында 633 оқушы қамтылған, оның ішінде 4 сыныпта 12 топта 238 оқушы, 6 сыныпта 15 топта 223 оқушы, 7 сыныпта 12 топта 165 оқушы, 8 сыныпта 11 топта 164 оқушы, 10 сыныпта 6 топта 81 оқушы қамтылды. Пән мұғалімдері оқушылардан кіру тестерін алып, саралап, талдау жасап, алдарына мақсат-міндеттер қойды. Оқушыларда қандай тақырыптар бойынша қиындықтар туындады, меңгерілмей қалған оқу мақсаттарына қайта тоқталып, қандай нәтиже шыққандығын бақылады. Мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық талаптарға сай пән кабинеттерінде оқытылуы, мектеп кезекшілігі жән оқу-тәрбие процесінің жүргізілуі мектеп әкімшілігімен қатаң бақылауға алынды. Мектептің медбикесі мен техникалық қызметкерлері өздеріне бекітілген міндеттерін талапқа сай толық орындап отырды. Жазғы мектеп жұмысының жүргізілуі туралы пән мұғалімдері әлеуметтік парақшалары – Instagram, Facebook, You Tube желісінде жүктеп, тәжірибелерін таратты. Сондай-ақ цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Жазғы онлайн мектеп» жобасы аясында ZERDELІ YouTube арнасында тікелей эфирде өткізілетін онлайн сабақтарға қатысып, кері байланысқа шықты. Күнделікті сабақ кестесі пән мұғалімдеріне алдын ала жіберіліп, онлайн сабақтарға тікелей қатысуларын бақылап отырды.

Жазғы мектеп жұмысы мәселесін мектеп директоры Гульрайх Советқызы бақылауға алып, әдістемелік бірлестік жетекшілерінің есебін мектеп директоры жанындағы отырыста қарап, атқарылған жұмыстарына талдау жасап, ұсыныстар берді. Жазғы мектеп жұмысы оқушылардың жазғы мектеп алаңында жалғасуда.

Айнұр ЕСБАЕВА,
С.Бердіқұлов атындағы орта мектебінің
әдістеме жұмысы ісінің орынбасары.

Қазақстандықтардың басым көпшілігі үшін МӘМС жарнасын жұмыс беруші аударатын болса, жұмыссыз азаматтар мен бейресми жұмыс істейтін тұлғалар қайтпек?

Жұмыссыз адам «сақтандырылған» мәртебесін қалай алады?

ЖҰМЫССЫЗ АДАМ «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР ҮШІН «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІН АЛУДЫҢ ҮШ ТӘСІЛІ БАР:

БЖТ жарнасын төлеу – қала тұрғындары үшін айына 2 917 теңге = 1 АЕК және басқа елді мекендерде тұратындар үшін 1 459 теңге = 0,5 АЕК

дербес төлеуші ретінде төлеу айына 2 125 теңге (ЕТЖ-ның 5%-і)

«Жұмыспен қамту орталығына» тіркелсе, жарнаны мемлекет төлейтін болады

"МӘМС туралы" Заң бойынша жүйеде «сақтандырылған» мәртебесінде қалу үшін жарнаны ай сайын тұрақты төлеп отыру қажет

www.fms.kz Qoldau 24/7

Ресми жұмыс істемейтін болсаңыз, сақтандырылған мәртебесіне ие болу үшін төмендегі үш тәсілдің бірін қолдана аласыз:

– БЖТ жарнасын төлеу – қала тұрғындары үшін айына 2 917 теңге = 1 АЕК және басқа елді мекендерде тұратындар үшін 1 459 теңге = 0,5 АЕК

БЖТ төлеушілер МӘМС бойынша жәрдем алу үшін, үш ай бойы жарнаны төлеуі қажет. Мысалы, тамыз айында қызмет алу үшін, маусым, шілде және тамыз айлары үшін төлем жасалған болуы тиіс.

– Дербес төлеуші ретінде төлем = айына 2 125 теңге (ЕТЖ-ның 5%-і)

Дербес төлеушілер медициналық көмек алардан бұрын жарнаны соңғы 12 ай бойы үздіксіз төлеуі керек.

– Немесе мекенжайыңыз бойынша «Жұмыспен қамту орталығына» барыңыз, онда сіздің біліктілігіңіз бен тәжірибеңізге байланысты жұмыс ұсынады.

Ұсынылған жұмыс жарамайтын болса, жұмыссыз мәртебесін алу үшін ресми тіркелесіз. Бұл жағдайда МӘМС жарнасын сіз үшін мемлекет төлейтін болады.

Қосымша сұрақтарыңыз туындаған жағдайда Алматы облысы филиалына хабарласуыңызға болады.

Байланыс телефон нөмірі:
8728 255 90 06.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы.

Құттықтаймыз!



Қарғалы ауылының тұрғыны, Орақбаевтар әулетінің алтын қазығы, иман жүзді, жүрегі жақсылыққа толы, аяулы ана, асыл әже, аса құрметті үлкен құдағиымыз ОРАҚБАЕВА Роза Дәулетпақызын 80 жас мерейімен құттықтаймыз!

Көңілің тауып туған-туыс, бауырдың, Өмір көштің арқалаған ауырын. Алтын қазық, ұйытқысы әулеттің, Қорғаған шаңырақтың ынтымағын.

Қарты бар үй қашанда қазыналы, Өмір-өзен толысар мағыналы. Ана жаны қашанда мөлдір бұлақ, Жағасында жайқалса жапырағы.

Құдағи, сексен жасың құтты болсын, Қуанышқа бөленсін нұрлы жүзін. Алланың берген жасын жасағайсыз, Ортасында немере, шөберенің.

Айқара есік ашық қашан барсаң, Қарсы алған құдаларын құрақ ұшып. Шүкір Алла, ризамын қосқаныңа, Иман жүзді жандармен құда қылып.

Ақылшы боп аялаған келіндерің, Салт-дәстүрді үйреткен мейіріммен. Мол болсын, ырыстары Қызыр қонып, Ұрпақтың дәу Әжесін құрметтеген!

Ортамызда жақсы қартай біліп, Ниетіңіз қабыл болсын әрқашан. Деніңіз сау, ұзақ ғұмыр сүруді, Роза ана, нәсіп еткей, Алладан!

Ізгі тілекпен: құда-құдағиыңыз – Мадат-Зияш Мамедовтер әулеті.

Асыл текті аяулы анамыз

ТЛЕГЕНОВА Күлімхан Мақұлбекқызын 25 маусымдағы туған күнімен құттықтаймыз. Анамыздың біздер үшін орны бөлек. Мерейлі сәтінде анамызға тілеріміз ең алдымен денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр.



Құтты болсын ана туған күніңіз, Туған күнде сыйланар бар гүліміз. Ұрпағыңыздың бақытына куә боп, Айналаға шуақ шашып жүріңіз. Айтқан тілек сізге деген қабыл боп, Деніңіз сау боп, бақытты өмір сүріңіз, – деп құттықтаушылар: келіні – Гүлмира, ұлдары – Айбек, Азамат, қыздары, келіндері, немерелері, А.К.



Қарғалы ауылының тұрғыны, асыл анамыз бәріміз үшін құрметті ОРАҚБАЕВА Роза Дәулетпақызын 26 маусымда 80 жасқа толған мерейімен құттықтаймыз. Анамыз 1941 жылдың 26 маусымында Қарғалы ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң 17 жасынан

Қарғалыда 1994 жылға дейін тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында тігінші болып жұмыс жасаған. 1994 жылы зейнеткерлік еңбек демалысына шыққан болатын. Отбасы бақыт ордасы десек, Роза Дәулетпақызы 1961 жылы жүрек қалауымен Орақбаев Мамытбекке тұрмысқа шығады. Анамыз екі қыз, бір ұлды өмірге әкеліп, олардан 7 немере, 8 шөбере сүйді. Осылайша, аяулы анамыз бесік тербеп, ұрпақ өсіріп, ел құрметіне бөленді. Сексен жастың сенігіне шыққан анамызды мерейлі қуанышымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз. Ортамызда бай-қуатты өмір сүріп, жыр алыбы Жамбыл бабамыздың жасына келуіне тілектеспіз.

Бақыт құсы самғасын сізге қарай, Құшағыңыз толған еді гүлге талай. Сексен жастың биігінен еркін асып, Алға қадам жасаңыз жүзге қарай. Той төрінде қуаныңыз, күліңіз, Мерейіңізде сізге дайын гүліміз. Немере мен шөберенің қасында, Алла қолдап, аман-есен жүріңіз – деп құттықтаушылар: ұлы – Ерлік, күйеубаласы – Әділхан, қыздары – Мақпал, Жанна, келіні – Гүлзира және немере-шөберелері.

Жанақұрылыс ауылының тұрғыны, асыл жар, ардақты әкеміз

СҮМЕСНОВ Әжібай

Мақұлбекұлын

26 маусымдағы туған күнімен құттықтаймыз.

Отбасымыздың ақылшы тірегі, туған-туыстың құрметіне бөленген әкеміздің өмір жасы ұзақ болсын. Деніне саулық, алдағы күндеріне жақсылық тілейміз.

Туған күніңіз қуанышқа жалғассын, Арайланып алдыңыздан таңда атсын. Өзіңізге деген ізгі тілекпен, Немерелер ән мен жырын самғатсын. Айналаға шуақ нұрын шашыңыз, Жайқаларға тола берсін қасыңыз. Айтқан тілек бірауыздан қабыл боп, Ғұмырлы боп, ұзақ болсын жасыңыз, – деп құттықтаушылар: зайыбы – Гүлмира, қызы – Ләйла, күйеубаласы – Дәурен, ұлы – Жақсылық, келіні – Меруерт, немерелері, А.К



Қазақстан Республикасының Нотариат туралы 1997 жылғы 14 шілдедегі N155 Заңына 2021 жылдың 24 мамырында өзгеріс енгізілді. 92-1-бабының негізінде борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариус тиісті белгі қойылатын, берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды.

Қарызымды қалай өндіремін? Атқарушылық жазбаның ерекшеліктері

2. Атқарушылық жазба негізінде мынадай даусыз талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жүргізіледі:

- 1) нотариат құаландырған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;
2) орындау мерзімі басталған және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа жауапта мойындаған, жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;
3) нотариус жасаған, төлем жасалмауына, акцептінің болмауына және акцепт күнінің белгіленбеуіне вексель наразылығына негізделген міндеттемені орындау туралы;
4) лизинг шартына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лизинг нысанасын талап ету туралы;
5) ломбард кепіл беруші-борышкерге қойған, кредитті қайтару мерзімі өткен соң кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану туралы;
6) қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған міндетті шығыстарға қатысудан жалтаратын үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;
7) төлеу мерзімі басталған, жария шарттар негізінде нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін, сондай-ақ өзге де шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес көрсетілетін қызметтер үшін берешекті өндіріп алу туралы;
8) жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты өндіріп алу туралы;
9) жұмыскерге есепке жазылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы.
Яғни, атқарушылық жазбаның шарттары бойынша жоғарыда көрсетілген даусыз талаптар бойынша нотариуске арыз жазасыз, атқарушылық жазбаның көшірмесін борышкерге табыс ету туралы хабарлама келіп түскен кезде және егер белгіленген мерзімде борышкерден нотариусқа қарсылық келіп түспеген жағдайда, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны береді не оның өтініші бойынша оны тиісті әділет органына не аумақтылығы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына немесе өндіріп алушы таңдаған жеке сот орындаушысына орындау үшін жібереді. Айыр КӘРІМЖАНОВА.

Жамбыл аудандық «Атамекен» газеті редакциясының ұжымы Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы, қай ортада жүрсе де таным-парасатымен танылған елағасы Абаев Әскербек Көкеұлына заң саласында ұзақ жылдар бойы жемісті қызмет атқарған ардақты әпкесі

ТОРЫБАЕВА Нұржамал Көкеқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ екенімізді білдіре келе, марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта болсын дейміз.

Нұржамал әпкеміздің отбасы мен туған-туыстарының орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

ЕСКЕ АЛУ



Бұрған ауылының тұрғыны, аяулы әпкеміз ҚОЖАМБЕРДИЕВА Орынкүл Шүкірбайқызын сағынышпен еске аламыз. Өмірдің ащысын да, тәттісін де қатар татқан ол ағайын туыс, дос-жаранға

сыйлы жан еді. Айналасына жылы шуағын шашып, жарқылдап жүретін Орынкүл әпкеміз сүйікті әже, мейрімді ана деген атқа лайық болатын. Балалары, немере-шөберелерінің қызығына бөленіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған шағында мәңгілік мекеніне кете барды. Ізгі қасиетімен сінді, іні-бауырларына баурап отыратын әпкеміздің нұрлы жүзі жадымызда мәңгі сақталады.

Сағынышпен өзіңді еске аламыз, Келмепті ғой деген ой кеш қаламыз. Мына өмірдің тым тәтті сәттерін де, Кермегің де амал не, кешті Анамыз.

Жарық болсын жатқан жер, мәңгілігің, Орның енді ойсырап қалды бүгін. Алла өзіңе жұмағын нәсіп етсін, Тілейтіні осы ғой барлығының.

деп еске алушылар – сіңілілері мен күйеу балалары – Қасымхан-Назымкүл, Сайлаубай-Гүлжан, келіні – Райхан, інісі мен келіні – Әділет-Ақмарал. А.С.

Хабарландыру

Құрметті Қарасу, Еңбекшіарал, Ұзынағаш, Жанақұрылыс, Қайназар, Ынтымақ, Үмбетәлі, Шолақарғалы, Мыңбай, Қасымбек тұрғындары! «Алматы» Магистральды газ құбырлары басқармасы» филиалы 25 мамыр 2021 жылы № 46-46-19-366 хат негізінде табиғи газды тұтынушылардың назарына 2021 жылы 28 маусымнан 30 маусымға дейін сағат 09.00-дан профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында табиғи газы өшіріледі. Уақытша болатын жайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Ізгі ниетпен ЖШС «Тауекел газ құбыры».

Объявление

Уважаемые жители на основании письма Филиал «Управление магистральных газопроводов «Алматы» от 25 мая 2021 года № 46-46-19-366 в селе Карасу, Еңбекшіарал, Ұзынағаш, Жанақұрылыс, Қайназар, Ынтымақ, Үмбетәлі, Шолақарғалы, Мыңбай, Қасымбек в связи с проведением ремонтно-профилактических работ 28 июня по 30 июня 2021 г. С 09.00 будет временно приостановлено подача природного газа. Приносим свои извинения за временные неудобства. С уважением ТОО «Тауекел газ құбыры».

НАСЛЕДСТВО

*** Открылось наследственная масса на имущество после смерти гр.Еспенбетова Нурмуханбета Мухамеджановича, 4.02.1942 года рождения, умершего 2 января 2017 года, наследникам обращаться нотариусу Малаевой Б.Н. по адресу: село Узынағаш, улица Мажитова дом 12, Жамбылского района, Алматинской области тел: 87017286297.

ЖЕР ТЕЛІМІ САТЫЛАДЫ

Қарақыстақ ауылы, Рахметолла көшесіндегі № 17 А ж екешелендірілген (0,2059 га) жер телімі жедел түрде сатылады. Газ желісі тартылған, жарығы бар. Бағасы 2 млн. теңге. Тел: 87755989033.

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. Тел: 87474606295.

Advertisement for MQU «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МФО. Features: до 1 000 000 ТГ, микрокредиттер, микрокредиты, зейнеткерлерге, пенсионерам, без залога, до шести лет.

Құрылтайшы: Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: «Жамбыл Атамекен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттік және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28. Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru. Осы шығарылымның таралымы – 4255 дана. Тапсырыс – 24 (889). Индексі – 62264. Көлемі – 3 баспа табақ. Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады. Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты. • Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. • Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады. Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76. Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».